



● ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!



**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Ғарыш ілімі – қазіргі ғылым көшінің басында тұр. Қазақстан тарихында алтын еріппен таңбаланатын оқиғаның бірі

– ұшқыш-ғарышкер Айдын Айымбетовтың ғарышқа жасаған ғылыми сапары. Ал, Халық қаһарманының Қостанайға келудегі негізгі мақсаты – жас ұрпақпен кездесу, олармен ой бөлісу, пікір алмасу.

СУРЕТТЕ: ұшқыш-ғарышкер, Қазақстанның Халық Қаһарманы Айдын Айымбетовты облыс әкімі А. Мұхамбетов қабылдады.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жағдайға бәрі де жауапты

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Облыста өнеркәсіп өндірісінің көлемі едәуір кеміген. Қаңтар айындағы экономикалық қорытындылар көптеген кәсіпорындарда өткен жылғы көрсеткіштердің азайып кеткенін көрсетеді.

Дегенмен, жыл соңына қарай өнім көлемі өсуі мүмкін. Егер сандарды сөйлестер болсақ, 2015 жылы өнеркәсіптің жан басына шаққандағы индекс көлемі 81,9%-ке төмендесе, үстіміздегі жылдың алғашқы айында бұл көрсеткіш 80%-тен әрі асқан жоқ. Тау-кен секторындағы жан басына шыққандағы индекс көлемі 70%-ке азайыпты, ал 2016 жылдың қаңтарындағы нәтиже 63%-ке жетпейді.

– Мәселен, ССКӨБ-тегі өндірістік жоспар өткен жылғымен салыстырғанда едәуір кеміген. Жентектер өндірісі 63%-ке, темір кенінің концентраттары 14%-ке төмендеді, – дейді облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк. "Арселор Миттал Теміртау" компаниясына жөнелтілуге тиіс темір кенінің шикізаты да барынша кеміді. Лисаковтағы "Өркен" ЖШС-індегі мәселе де шиеленісе түсті. Қаңтар айынан кәсіп-

орын қозғалыссыз отыр. Қоймалар 100%-ке толық.

Жылдың алғашқы айында жөнелтілуге тиіс 75 мың тонна тауардың орнына тек 50 мың тонна ғана жүк тиелген. Осындай себептерге байланысты кәсіпорын ішде, қазан, қараша айларында өнім өндірмейді. "Варваринское" АҚ-ында қаңтарда мыс кені өткен жылғымен салыстырғанда 50%-ке кем алынған. Ал Доре құймасы 31%-ке аз.

"ЕвразКаспианСталь" ЖШС-і қаңтар айына ештеңе жоспарлап отырған жоқ. Тек, Краснооктябрь боксит кенішінде өткен жылғы көрсеткіш деңгейі сақталған. "Қостанай минералдары" АҚ-ында өндіріс көлемі 5%-ке ұлғайтылды.

Өнеркәсіп саласының өнім өңдеуші секторындағы жағдай да алаңдатады. Мәселен, "Қарасу ет" шұжық өндірісін 40%-ке, "Фирма "Арасан" ЖШС-і – сыраны 35%-ке, "ДЕП" ЖШС-і сүт өндірісін 30%-ке, "БК строй" ЖШС-і темір-бетон өнімдерін 28%-ке, "Дон Мар" ЖШС-і дестелегіш шығаруды 41%-ке азайтқаны анықталды. Алайда, дағдарысқа қарамастан оң нәтижелерге де қол жетті. Облыста ав-

токөлік шығару 2 есеге артыпты. "Қарасу ет" ЖШС ет өндірісі 40%-ке өскен. "Баян сұлу" өз өнімдерін 9%-ке, ал рудныйлық "Казогнеупор" кәсіпорыны 11%-ке жеткізді.

Сергей Карплюктің сөзіне қарағанда, облыстағы ірі кәсіпорындардың жетекшілерімен болған кездесуде түрлі мәселелермен қатар 2016 жылға белгілі бір деңгейде болжамдар жасалыпты. Үстіміздегі жылы "ССКӨБ" АҚ, "ЕвразКаспианСталь" ЖШС, "БК строй" ЖШС былтырғы межеден ауытқымауды жоспарлап отырған көрінеді. "Өркен", "Баян сұлу" серіктестіктері де өнім көлемін он-он бес процентке ұлғайтуды көздейді.

Жергілікті атқарушы билік кәсіпкерлер Палатасымен бірлесіп кәсіпорындарды қолдауға бағытталған шараларға ұйытқы болмақ. Бұл тұрғыда нақты, жеке-жеке ұсыныстар қажет. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов қордаланған мәселелер бойынша кәсіпорын жетекшілерін қабылдауға әзір екендігін мәлімдеді. "Жағдайға бәріміз де жауаптымыз, – деді өңір басшысы, – сондықтан демалыссыз, түн ауғанша жұмыс істеуге дайынмын".

2 НАУРЫЗ ФИЛАРМОНИЯ

18.30
21.00

МЕРЕКЕЛІК
ӘЗІЛ-СЫҚАҚ
КЕШІ

ЭСТРАДА
ЖҰЛДЫЗДАРЫНЫҢ
ҚАТЫСУЫМЕН

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

ТҰРСЫНБЕК
ҚАБАТОВ

8771-124-60-60, 21-15-82

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов Астана қаласында есеп берді

Жандос
ЖҮСІПБЕК

16 ақпан күні Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов Астана қаласында республикалық және халықаралық БАҚ өкілдері алдында Тобыл өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді. Бұл Орталық коммуникациялар қызметінің брифингі аясында облыс басшысына тілшілер тарапынан 25 сұрақ қойылды. Әсіресе, облыстың алдағы уақытқа құрып отырған маңызды жоспарлары турасында сұхбат өрбіді.



Тобыл өзені арқылы өтетін көпір жыл соңына дейін жөнделіп бітеді

Облыс орталығы мен Затобол кентін жалғайтын көпір жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

– Тобыл өзені арқылы өтетін көпірдің жөндеу жұмысы – күн тәртібіндегі күрделі мәселе. Қостанай қаласының Таран көшесімен Тобыл өзені арқылы өтетін көпір төрт жолақты болып жөнделіп жатыр. Бұл – қаламызды басқа өңірлермен жалғайтын көпір. Жөндеу жұмыстарына 3,2 млрд. теңге бөлінді. Жыл соңына дейін көпірді пайдалануға береміз. Бұл – стратегиялық нысан, – деді әкім.

Әкімнің айтуынша, Қостанай облысындағы жолдар – республика бойынша ең ұзын жолдардың бірі. Облыс аумағындағы жолдардың ұзындығы – 9,5 мың шақырым. Осы жолдардың 85 пайызы – жергілікті маңызда.

Құс фабрикасы мен картон-қағаз кешенінің жұмысы қайта жанданбақ

Брифинг аясында облыс әкімі биыл Қостанайдағы "Комсомол құс фабрикасы" АҚ мен "Лисаков картон-қағаз кешені" ЖШС-ның жұмысы қайта жанданатынын айтты.

– Индустрияландыру картасының екінші бесжылдығына 16 инвестициялық жоба енді. Инвестициялардың жалпы көлемі 322 млрд. теңге, осы жобаларды жүзеге асыру арқылы 3,2 мың жұмыс орны ашылады. 2015 жылы өңірімізде 4 кәсіпорын пайдалануға берілді, осылайша 126 жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл жалпы сомасы 23 млрд. теңге болатын 11 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ, сол арқылы 500 жұмыс орнын ашамыз деп жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, Үй құрылыс комбинатына жалғасатын теміржолдың құрылысы басталды. Бұл теміржол еліміздің басқа өңірлеріне материал мен дайын заттарды жеткізуге кететін шығынды азайтады, – деді өңір басшысы.

Әкімнің хабарлауынша, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының бірінші бесжылдығынан екі проблемалы жобаға да инвесторлар табылған.

– Биыл "Комсомол құс фабрикасы" АҚ мен "Лисаков картон-қағаз кешені" ЖШС-ның жұмысын қайта жандандыру көзделіп отыр. Комсомол құс фабрикасына "Қазатрофинанс" АҚ-мен уағдаластыққа қол жеткіздік. Ал, картон-қағаз кешеніне келген жаңа инвестор құрылғыларды жөндеп жатыр. Жылу жүйесі де жөндеуден өтеді, – деп хабарлады әкім.

Облыс Ресейге зауыттан шыққан "Daily" көліктерін сатады

Бұл ұтқыр жоба Қостанай облысының экономикалық әлеуетін арттыра түседі деп күтіледі. "СарыарқаАвтоПром" ЖШС мен "IVECO Russia" компаниялары арасында қол қойылатын экспорт туралы келісім аясында, облыс Ресейге "Daily" көлігінің алғашқы партиясын жеткізеді.

– 2015 жылдың тамыз айында "СарыарқаАвтоПром" ЖШС мен Қытайдың ChinaMachinerycompany және JAC Motors компаниялары арасында стратегиялық серіктестік және ұлттық қазақстандық автокөлік брендин дамыту бойынша келісім жасалған. Осы келісім аясында "СарыарқаАвтоПром" кәсіпорны JAC Motors компаниясымен JAC автомобильдерін шығару бойынша жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бүгінде 5 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, бірінші партия шығарылды. Жалпы, 40 млн. АҚШ долларына дейін инвестиция салу көзделген. Технологиялық қондырғылар 2016 жылдың маусым-шілде айларында жеткізіліп, монтаждалады. Биылғы жылы 2 мыңнан астам автокөлік шығарылады, – деді А.Мұхамбетов.

Облыс әкімінің айтуынша, ақпан айының соңында ChinaMachinerycompany компаниясы делегациясының Қостанайға сапары жоспарланған. Сапар аясында индустриялық аймақ құрылысының мерзімі бойынша шешім шығарылып, ChinaMachinerycompany, облыс әкімдігі мен "СарыарқаАвтоПром" ЖШС арасында үш жақты құжатқа қол қойылмақ.

– Ал, "СарыарқаАвтоПром" ЖШС мен IVECO Russia арасында қол қойылатын экспорт туралы келісім аясында Қостанай облысы Ресейге "Daily" маркалы көліктердің ілкі партиясын жеткізеді, – деп хабарлады әкім.

Арқалық қаласында көмір қабылдайтын орталық салынады

Облыс басшылығының бұндай жоспар құруына себеп болып отырған жағдай – қыс мезгілінде алыстан көмір тасып, жолда қалатын тұрғындардың мәселесі екен.

– Биыл қыс қиын өтіп жатыр. Қардың көлемі былтырғымен салыстырғанда екі жарым есе, кейбір облыстарда тіпті үш есе көп жауды. Қыс бойы облыста республикалық және жергілікті маңыздағы жолдар 15 рет жабылды. Құтқару жұмыстарына екі жүзден астам техниканы жұмылдырдық. Қыс бойы үш жүзден астам жеңіл автокөлікті, 650 адамды құтқарып алдық, – деген әкім енді облыс көктемге дайындалып жатқанын жеткізді.

Ал, "Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары В.Божконың "қыста ескертуге қарамай жолға шыққан адамдарға айыппұл салу керек" деген ұсынысы дұрыс

па?" деген сұраққа әкім: "Қыста рұқсатсыз жолға шыққан адамдарға айыппұл салу туралы Ішкі істер министрлігінің шарасы дұрыс деп ойлаймын. Мысалы, Торғай өңірінде тұрғындар мен жеке кәсіпкерлер күн райының қиындығына, төтенше жағдайлар департаментінің ескертуіне қарамай өздері көмір тасуға шығады. Көмірді күз кезінде тасу керек еді. Бірақ, қыста көмір тасуға шығып, жолда қалған біраз оқиға тіркелді. Сол кезде тіпті өуе техникаларын жұмылдырып, адамдарды құтқардық. Бұның барлығы – бюджетке келіп жатқан шығын. Бірақ, осындай жағдайларға жол бермеу үшін өзіміз тиісті шараларды қолға аламыз. Мысалы, Арқалық қаласында көмір қабылдайтын орталық салуды жоспарлап отырмыз. Яғни, сол орталыққа көмір тасып берсек, кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар бейберекет жолға шыға бермей, сол орталықтан тасып алар еді", – деп жауап берді.

Биыл бюджетті оңтайландыру аясында мәдени шаралар қысқарады

Қостанай облысы 2015 жылы бюджетті оңтайландыру шараларының аясында 4,5 млрд. теңгені қысқартқан. Ал, 2016 жылы осы оңтайландыру аясында облыс мәдени және ресми шараларды қысқартпақ.

– 2015 жылды Қостанай облысы жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Соның ішінде, республикалық және жергілікті бюджет бойынша барлық межелерді орындадық. Жалпы, жылдың соңында облыс 4,5 млрд. теңге қаржыны қысқартты. Яғни, облысымызда оңтайландыру жұмыстары жүргізілді. Бірақ, облысымыздың кейбір қалаларында, мысалы, Рудный, Қостанай қаласында қиындықтар болды. Дегенмен, ең басты мәселе – әлеуметтік төлемдер төленіп отырды, – деді А.Мұхамбетов. Мұндағы облыс басшылығының басты мақсаты – халықты әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету.

– 2016 жылды да оңтайландырудан бастап отырмыз. Көптеген шығындарды қысқартып жатырмыз. Соның ішінде, мәдениет саласындағы шараларды, ресми шараларды қысқартып жатырмыз. Биыл облыстық бюджетте қиындықтар болады, әсіресе, салық саласын нығайтуымыз керек. Көптеген резервтерді анықтап отырмыз. Мысалы, өткен жылы жарнама орналастыру бойынша біз шағын және орта бизнесте біраз заң бұзушылықты анықтадық. Жер мәселесі бойынша да проблемалар бар. Жерлерді өзінің тиісті мақсатына пайдаланбай жатқан кәсіпкерлерді де әшкереледік. Бұл бағытта да айыппұлдар саламыз, – деді ол өз сөзінде.

А.Мұхамбетов облыс құрылымында, жол полициясы мен әділет басқармасының арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға көңіл бөлініп жатқанын атап өтті. Ол бұл салалардың басшылығына тапсырма бергендігін, 2016 жылдың қорытындысы бойынша, берілген тапсырмаларды орындап, әлеуметтік төлемдерді уақытында өтеуді мақсат етіп отырғандығын айтты.

Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай А.Имановтың мұражайы мен ескерткіші жөнделеді

Мұражайды қайта жөндеу үшін облыс бюджетінен 12 млн. теңге қаржы бөлінген. "2016 жылы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толады. Бұл маңызды оқиға. Осыған орай арнайы іс-шараларымызды бекіттік. Ең басты мақсат – жүз-жүзден киіз үй тігіп, тойлау емес, оқиғаға мән беру, жастарға рухани тәрбие беру. Елбасының тікелей тапсырмасы бар. Осы бағыттағы жұмыстарды көп қаржы шығармай атқарамыз", – дейді әкім. Мәлімдеуінше, Аманкелді Иманов атындағы орта мектеп келесі жылы "Жол картасы – 2020" бағдарламасына еніп, жөнделеді. Ал, Аманкелді Иманов атындағы мемориалдық музей 12 млн. теңге қаржыға жаңғыртылады. Тиісінше, Аманкелді Имановтың ескерткіші де көріктендіріледі.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Бензин судан арзан

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

АҚШ-тың экономикалық шектеуінен шыққан Иран әлемнің алпауыт елдерін мұнайымен жарылқап тастады. Нәтижесінде, батыс елдеріндегі жағар май бағасы бір сәтте арзандап шыға келді. Көпшіліктің қолданысына ие бензин маркасы теңгеге шаққанда 90 теңгеге дейін төмендеп, мұнайға тәуелсіз мемлекет тұрғындарын тағы бір қуантты.

Экономикалық бұғаудан құтылып, қара алтын саудасына қосылған ірі өндіруші – үкіметтік табысын қара алтынмен түгендеп отырғандарды тығырыққа тірегені жасырын емес. Дей тұрғанмен, Ресейдің бастамасымен қолға алынған ОПЕК-тің (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) келісімі мұнай бағасының тұрақтануына септігін тигізді. Қазіргі уақытта, қара алтынның бір бареллі 31 АҚШ долларынан саудаға шығарылуда. Мамандардың пайымдауынша, келісім күшін жоймаса, жыл соңына дейін қара алтын бағасы 50 АҚШ долларына дейін көтерілуі ықтимал.

Бюджетін жерасты шикізатынан түскен табыспен бүтіндеп отырған елдер үшін, мұнай бағасының төмендеуі – ауыр соққы. Өкінішке қарай, қазақ елі де сол елдердің қатарында. Өзірге, төл теңгеміздің өзі мұнай бағамына тікелей байланысты болып отыр. Мұнай бағасы төмендеген сайын, сыртқы фактордың әсерімен, ішкі өніміміздің бағасы көтерілуі мүмкін. Қанша жерден, мұнайдың үстінде отырмыз дегенімізбен, бензин де құны көтерілуі ықтимал тауарлар қатарында.

Бұл тек Қазақстанға ғана тән құбылыс емес. Көрші елдерде де дәл осындай жағдай қалыптасқан. Барлық жағынан да бір-бірімен біте байланысқан



Кедендік Одақ елдері де мұнай бағасының тұрақсыздануынан қиындық кешіп отыр. Ал, АҚШ-та керісінше, мұнай бағасының төмендеуінен жанар-жағар майдың құны арзандады. Мәселен, Мичиган штатында бензин 0,8 АҚШ долларынан сатылып жатыр. Қалған аймақтарда бір доллардың аржақ-бержағында. Дәл осындай жағдай Біріккен Араб Әмірліктерінде де байқалады. Мұндағы мұнай өнімдерінің бағасы ауыз судан төмен бағамен сатылуда. Жыл басынан бері мұнайлы өлкедегі өнім – 40 пайызға төмендепті. Мұның есесіне, азық-түлік құны 3 есеге, ауыз су 5 есеге қымбаттапты. Сәйкесінше, тіршілік нәрі – бензиннен қымбат сатылуда.

Батыстық сарапшылардың пайымдауынша, мұнай бағасы әлі де төмендеуі тиіс. Бареллі 10 долларға дейін түседі дейтіндер де бар. Осыған байланысты, бұл елдегі экономикалық тұрғыдан тиімді саналып келген гибрид, электромобильдерге деген сұраныс төмендеп, көлемді көліктерге деген қызығушылық артқан. Қазірдің өзінде, «Tesla Motors», «Toyota Mirai» іспетті бренд маркаларына сұраныс 11 пайызға кеміген. Мұның есесіне, жол талғамайтын және кроссоверлерге деген сұраныс 10 пайызға өсіпті. Сұраныстың аздығынан, осы елдегі «Toyota» компаниясының өкілдігі «Scion» маркасын құрастыру жұмысын тоқтатқан.

Сондай-ақ, «Fiat Chrysler» компаниясы да «Dodge Dart» және «Chrysler 200» маркаларын жасауды доғарып, көлемі зор маркаларын құрастыруға көшетіндігін мәлімдеген. «Ford» компаниясы «Ford Fiesta», «Fusion» маркаларын шығару ісін Мексикаға ауыстыруды жөн көріпті. «Ford Focus» моделі конвейерден мүлдем алынып тасталған.

Ал, қазақстандықтар болса, қолына түскен көлікті тізгіндеуде. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне индустриялық-инновациялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, ескі көліктерді жоюға арналған салықтың енгізілуіне байланысты, сырттан тасылатын көліктердің саны күрт азайған. Ел тұрғындары Қазақстанда құрастырылған темір тұлпарларды, күші жетпегендері қолданыстағы көліктерді мініп жүр.

Бензин бағасына келер болсақ, біздің елімізде мұнай өнімдерінің құны әлемдегі кейбір мемлекеттерден анағұрлым арзан болып шықты. «Global Petrol Prices» агенттігінің ақпаратына жүгінер болсақ, бензиннің арзандығы жағынан Қазақстан әлем бойынша 8-ші орында. Ең арзан бензин Венесуэлла мемлекетінде литрі теңгеге шаққанда (АҚШ долларының бағамы: 365 теңге) 8 теңгеден сатылуда. Ал, Кувейтте – 76 теңге көрінеді. БАӘ – 87,4 теңге, Кедендік Одақ құрамындағы Ресейде – 182 теңге, Беларусьыда – 200 теңгеден сатылып жатыр. Еліміздегі 123 теңгенің бензинін қымбатсынып жүргендерге Гонконгте мұнай өнімінің бір литрі 653 теңгеден сатылып жатқанын ескерткіміз келеді. Ендеше, бүгінгі күнімізге шүкір делік.

Тобыл - Торғай тынысы

Мұнай табылды

Әуликөл. Ауданда мұнай табылды. Қазір өңірде геофизикалық жұмыстар жалғасуда. Астықты аймақтағы мұнай қорын анықтаумен айналысып жатқан геолог-мамандар зерттеудің өткен ғасырдың жетпісінші жылдардан басталғанын айтады. – Әуликөл мұнайын барлау, оның мөлшерін анықтау жұмыстарымен ұзақ жылдар бойы «Энергоресурс» серіктестігі айналысып келеді. Мұндағы мұнай шамамен 1 254 шаршы километр ауданды алып жатыр, – дейді серіктестік директорының орынбасары Нұрлан Мейіржанов.

Медицина мамандары тапшы

Облыста. Аймақта 450 жұмыс орны бос тұр. Мұндай деректі облыс әкімі А.Мұхамбетов орталық коммуникациялар қызметі брифингінде мәлімдеді. Білім беру мен денсаулық сақтау саласына бес жүзге жуық маман қажет. Соның 45 пайызы медицина саласына тиесілі. Тобыл өңірінде медицина мамандарын дайындайтын жоғарғы оқу орны жоқ. Тек колледж ғана бар. Мемлекеттік бағдарламаның көмегімен 4 мыңға жуық жас маманның 7 пайызы денсаулық сақтау саласына барған.

Есірткі сатудың жаңа жолы

Қостанай қ. Есірткі сату делдалдары бүгінде ғаламторды жаулап алды. Тікелей байланыссыз жұмыс істейтіндер электронды әмиян арқылы сауданың көрігін қыздыруда. Тауар да қолға берілмейтін көрінеді. Тұтынушы оны саудагер нұсқаған қуыс-тесіктен өзі тауып алуы тиіс. Облыстық ПД есірткі бизнесімен күрес басқармасы өкілдерінің айтуынша, мұндай қылмыстың бетін ашу қиын. Мәселен, өткен жылы синтетикалық есірткі сатқан бір адамды ұстаған. Алайда, сот-химиялық сараптама жүргізу кезінде аталған зат ел аумағында тыйым салынған тізімде болмай шығыпты.

Жарылыстың себебі анықталды

Рудный. Өткен жылдың желтоқсанында болған жарылысқа суицидтің қатысы жоқ. Тергеу амалдарын жүргізушілер осындай тоқтамға келген. Еске салсақ, 7 желтоқсан күні сағат 12-де бес қабатты үйдегі пәтерде газ қоспасы жарылды. Салдарынан, терезе сынып, бөлмеаралық қабырғалар зақымданып, көршілес екі пәтер қабырғасыз қалды. Ал, сіріңке тұтатқан қыз үшінші дәрежелі күйкке шалдықты. Тексеру барысында, газ құрылғысында ақаулықтың болғаны анықталған.

Діни сауаттылыққа мән берілді

Қарабалық. Тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру және діни экстремизмнің алдын алу бойынша аудандық ақпараттық-түсіндіру тобы өз қызметін бастап кетті. Аудандық ардагерлер кеңесінің басшысы бастаған топ Тоғызак және Станционный ауылдарында тұрғындармен кездесулер өткізді. Шара барысында, радикалды діни бірлестіктердің торына түсіп «адасқан» жандар туралы «Вербовка в никуда» атты фильмі көрсетіліп, талқыға салынды.

Халықтың мәңгі жадында

Аманкелді. Ақиық ақын М.Мақатаевтың туғанына 85 жыл толуына орай Б.Қолдасбаев атындағы мектепте іс-шара өтті. Бағдарлама барысында ақынның мазмұнды мәңгілік жырларынан әндер шыркалып, өлеңдер оқылды. «Аққулар ұйқтағанда» поэмасы қойылымы тамашаланып, бейнероликтер көрсетілді. Іс-шара соңында келген кеш қонақтарына қаламгердің кітаптары естелік сыйға берілді.

Кезекті жәрмеңке – алдағы сенбіде

Қостанай қ. 20 ақпанда Қостанайда ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді. Бұл туралы қалалық әкімшіліктің баспасөз қызметі хабарлайды. Жәрмеңке әдеттегідей Спорт сарайында ұйымдастырылмақ. Сатушылар таңғы 9-дан бастап жұмыс істейді. Қазіргі уақытта сатылымға шығарылатын азық-түліктердің тізімі жасалуда. Қосымша ақпаратты 575 773 нөмірінен ала аласыздар.

Іскер әйелдерге – құрмет

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Облыс орталығындағы Достық үйінде «Қазақстанның қанатты әйелдері» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі болып өтті. Рәсім барысында ең алдымен жиналғандарға еліміздегі іскер әйелдер қауымдастығының құрылғаннан яғни, 20 жылдан бері атқарған жұмыстары, іс-шаралары, жүзеге асырған жобалары жөнінде, сол секілді нәзік жанды қыз-келіншектеріміздің бүгінгі таңда көптеген шағын, ірі кәсіпорындардың, бизнес құрылымдарының, өндіріс орындарының жетекшілері екендігі, еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері әйелдердің мемлекетіміздің барлық саласына белсене араласқандығы, нәзік жандарымыздың Елбасына қолдау білдіріп, өздерінің көрегендігін көрсеткендігі туралы бейнефильм көрсетілді. Ал, жиналған қыз-келіншектерді, өңіріміздің іскер әйелдерін облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев құттықтады, игі тілегін жеткізді. Сонымен бірге «Қазақстанның қанатты әйелдері» кітабына облысымыздың елу іскер қыз-келіншектерінің еніп отырғанына ризашылығын білдіретіндігін, бүгінгі таңда әйел қауымы шағын және орта бизнесте, білім, экономика, денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы, құрылыс, саясат саласында да қызмет

атқарып келе жатқандығын, олардың үлесі елу-алпыс пайызға дейін жететіндігін айтты.

– Аяулы апаларымыз, қарындастарымыз, нәзік жанды әйелдеріміз қай жұмысты болмасын жауапкершілікпен атқарады. Еліміздің, облысымыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына бір кісідей-ақ үлес қосып келеді. Сондықтан барлықтарыңызға рақмет, – деді М.Жүндібаев.

Содан кейін облыс әкімінің орынбасары республикалық «Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының» Алғыс хатын облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы А.Қылышбековаға, «Қазақстан РТРК» Қостанай облыстық филиалы директорының орынбасары К.Әбдірахмановаға, сол секілді демеушілік қолдау көрсеткен «Карл Маркс» ЖШС-нің директоры И.Вечтейнге, Қазақстанның Еңбек Ері, «Қарқын» ЖШС басшысы С.Бұқановқа және осы жолдардың авторына табыстады. Рәсімде Қостанай іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы З.Көшкімбаева, Қазақстанның Еңбек Ері С.Бұқанов, «Еуразиялық банк» АҚ Қостанай филиалының директоры Қ.Жаңбыршина сөз сөйледі, әйелдер қауымына тілектерін, жылы лебіздерін білдірді. «Жайдарман» ансамблі қыз-келіншектерге өздерінің өнерлерін арнады.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ: ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Аманкелділіктер табыс биігінен көрінеді

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Жақында Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов аудан жұртшылығы алдында есеп берді. "Аманкелді ауданының 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2016 жылға арналған міндеттері туралы" есепті баяндама жасады.

Мәжіліске Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғ.Т.Нұрмұхамбетов және бірқатар облыстық департамент, басқарма басшылары арнайы келді.

Рәсімге ауыл және ауылдық округ әкімдері, тыл және еңбек ардагерлері мен еңбек озаттары, ұстаздар мен мәдениет, медицина қызметкерлері, аудандық мекеме, кәсіпорын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен жеке кәсіпкерліктің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Аудан басшысы 2015 жылдың қорытындыларына жан-жақты тоқталды. Жалпы өткен жыл аманкелділіктер үшін қуаныштылығына қарамастан табысты жылдардың бірі болды. Ауданның басты кәсібі – мал шаруашылығында төл алу, ет, сүт өндіру жоспарлары артығымен орындалды. "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" бағдарламалары бойынша асыл тұқымды мал сатып алып, өсіру жөніндегі белгілеген межелер түгел абыроймен алынды. Сол сияқты асыл тұқымды бұқалар мен қошқар және айғырлар сатып алу жөніндегі жоспарлар да орындалды.

Аманкелді ауданы – облысымыз бойынша тазалық пен көгалдандыру жұмыстары жақсы деңгейде жүріп келе жатқан өңір. 2015 жылы да ауданда көркейту, абаттандыру шаралары ойдағыдай жасалды. Село орталығында аудан әкімінің тікелей бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Еңбек Ерлеріне арналған Ескерткіш тақта ашылды. Бұл аманкелділіктердің көңілінен шықты. Ескерткіш тақтаны жасауға Аманкелдіден шыққан 15 Социалистік Еңбек Ерлерінің балалары мен ұрпақтары бір кісідей атсалысты.

Өңірде мәдениет пен өнерді, дене тәрбиесі мен спортты дамытуда айтарлықтай жұмыстар жасалды. Нәтижесінде, аудан

өнерпаздары облыстық фестивалда бірінші орынды жеңіп алса, былтырға дейін соңғы орындарда табандап тұрақтап келген спортшылар облыста

қойылуда.

Батыр ата елінің халқы ең басты рухани байлығымыз – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық торқалы тойын еңбектегі табыстармен атап өтуге құлшына кірісіп отыр.

Аудан халқының тұрмысы жақсы. Жері құнарлы, елі жігерлі. Өзен-көлдері мол, шабындықтары мен жайылымдары алуан түрлі шөпке бай. Ал бұл дегеніміз – мал өсіруде жаңа жетістіктерге жетуге негіз мол деген сөз!

Аудан халқы Елбасымыздың Жолдаулары мен мақалаларынан өз бойларына зор сенім мен серпін алып, жұмыс жасауда.

Ауданның 2016 жылға белгілеген жоспарлары да нақты. Сөз соңында аудан әкімі жерлестерін Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын лайықты атап өтуге шақырды.

Есеп беру жиналысында тыл және еңбек ардагерлері Ғ.Жүнісұлы, Қ.Бейсенбайұлы, С.Тұяқбайұлы, кәсіпкер Е.Мұсабаев сөз алып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Ал "Жеңіс БЕК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы, "Құрмет" орденінің иегері, Аманкелді елінің бетке ұстар диқан кәсіпкері, ел ағасы Мүбәрәк Шаяхметов аудан әкімінің 2015 жылы жасаған еңбегіне жоғары баға беріп, биылғы жылы да жерлестерін жаңа жетістіктерге бастауға тілектестігін білдірді. Оның сөзін жиналысқа қатысқандар қолдады.

Рәсімде облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.Т.Нұрмұхамбетов қорытынды сөз сөйлеп, батыр атындағы аудан халқы алдында тұрған жаңа міндеттерге кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, әлемде дағдарыс өршіп тұрған күрделі кезеңде аздан да, көптен де үнемдей отырып, жемісті еңбек етуге тілектестігін білдірді.

P.S. Ғ.Т.Нұрмұхамбетов іссапар барысында аудан орталығын аралап көріп, атқарылып жатқан істермен кеңінен танысты. Осыдан 2-3 жыл бұрын күрделі жөндеу жүргізілген Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте болып, ұстаздар қауымымен кездесіп, пікір алысып, әңгімелесті. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп жатқан мектеп ұжымына шығармашылық жетістіктер тіледі.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: есеп беру кезінде.

Суреттерді түсірген автор.



Халық қаһарманы – ҚОСТАНАЙДА

1-бет

Алдымен, Айдын Ақанұлы жастардың мол шоғырланған ортасы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде болды. Ұлы көсем – Ахаңның ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

– Қазақстан ғарыш саласын мейлінше зерттеуді ұмытқан жоқ, ал оны игеру – әлем елдерінің қол жетпес арманы. Осынау ғылыми-салалық ортада Қазақстанның мүмкіншілігі басымдыққа ие. Менің сапарым – қазақ халқының, Қазақстанның үлкен жеңісі. Жоспарланған эксперименттерді орындадым. Тағы да ұшуға дайынмын. Бала кезден біз де аспанға қарап, түнде жұлдыздарды санайтынбыз. Адам баласы ылғи ғарышқа ұмтылады, бірақ бәрі ұша бермейді. Ғылыми жағынан да, техниканың өркендеуі жағынан да ғарышпен шұғылданған өте дұрыс. Бала кезгі арманым орындалды, – деп ағынан жарылды ұшқыш.

Содан соң ғарышкерді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов қабылдады. Айдын Айымбетов аты аталған ғарыш сапарына кеткен шығын мен ғылыми-зерттеулер жемісін беретінін айтты. Қаһарманмен кездесу Достық үйінде жалғасты.

Еске сала кетейік, Айдын Айымбетов ғарышқа "Союз ТМА-16М" кемесімен 2 қыркүйек күні аттанған болатын. Сапар барысында ол өзінің көңіл-күйімен, сезімдерімен Twitter парақшасында бөлісіп отырды, тіпті, суреттер мен бейнежазбаларды жүктеді. Сондай-ақ, поляр шұғыласы мен шаңды дауылды түсіре алды. Ол ғарышта онға жуық ғылыми тәжірибе жүргізді. Сонымен қатар, Жер бетінің мониторингі және экологиялық апаттарды зерттеу бойынша да тәжірибелерді жүзеге асырды.

(Ғарышкердің Қостанайға сапары туралы толығырақ газеттің келесі санында жазылатын болады).

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Өңір бюджеті өзгеріске түсті

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Облыс мәслихаты өңір бюджетінің өзгерісі туралы құжатты бірауыздан мақұлдады. Мәжіліске облыс әкімінің орынбасары Роза Кемалова да қатысты. Бұл қаржының дені, яғни 193 миллионға жуық теңгенің біраз бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына және автотөлік жолдарына бағдарламалар орнатуға жұмсалады екен. Осы жоба туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ерлан Спанов мәлімдегендей, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына 79 млн. 389 мың теңге қаржы бөлінсе, жолаушылар тасымалдауы және автотөлік жолдары басқармасына 37 млн. 531 мың теңге бұйырыпты. Бұл құжаттың ішінде Затобол-Садчиков-ка-Сергеевка жолы да бар. Оған 5 млн. 642 мың теңге жұмсалатын түрі бар.

Облыс бюджетінің тағы бір қомақты қаржысы Рудный, Лисаков қаласы мен Жітіқара ауданына газ құбырларын өткізуіне беріледі.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Ветеринария қызметі қорытындыланды

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетовтың төрағалығымен "Облыстық ветеринария қызметінің 2015 жылғы жұмыс қорытындылары және 2016 жылға арналған міндеттері туралы" кеңес өтті.

Бұл кеңеске ҚР АШМ ВБЖҚ республикалық зертханасының бас директоры Айгүл Ахмеджанова, "Қазагроменаркетинг" АҚ басқарма төрағасы Дархан Дәуітов, "Қазагроменаркетинг" АҚ Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Алтынай Асылбаева басқарма басшылары, аудан әкімдері, село әкімдері қатысып, бүгінгі ветеринария саласындағы кейбір түйткілдердің шешілуі жайында пікірлесті.

Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының басшысы Берікжан Қайыпбай өңірдегі ірі қара малы аурулары

көп тіркелген аудандардың хал-ауалына тоқталып, қаншалықты қаржы берілгендігін талқыға салды.

Ал, Айгүл Ахмеджанова әрбір тіркелген мал ауруларының зертханада қалай зерттелетіні, ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринария комитеті ұсынған кейбір жаңа стратегияларды ауыл ветеринары білмейтіндігін айтты.

Бұл пікірді ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы басшысы Оразбек Батырбеков те құптап, біраз мәселелерді тізбектеп өтті. Әсіресе, Ресей еліне жөнелтілетін ет өнімдеріне құжатты дұрыс рәсімдемейтіндері, әр құжатқа мұқият ден қою керектігі тәрізді жайттарды жеткізді.

Мәжіліс соңы ветеринария мамандарының семинарына ұласты.

● КЕЛБЕТ



Текті әулеттен тамыр тартқан

ӨЗІН 40 жылдан бері білетін адам жөнінде айту да, жазу да, былай қарағанда, жеңіл сияқты. Өйткені оның бүкіл өмірі көз алдында өтті ғой. Қатар жүріп, қатар тұрдық. Қайғыны да, қуанышты да бірге бөлістік. Сыйласу да, сырласу да, отбасымен араласу да бәрі-бәрі болды. Оның үстіне әңгімелегелі отырған адамың қоғамда өзіндік орны бар, зейнет жасынан асып кетсе де, ағарту жұмыстарымен тынбай айналысып келе жатқан қайраткер болса, қаламды көсілте сілтеуден басқа не қалмақ саған.

Осындай ойға беріліп, әлгі өзің жақсы білетін әрі жақсы сыйлас кейіпкерің туралы шабыттана толғауға кірісіп-ақ кеткеніңмен, қаламыңның кібіртіктей беретіні несі? Байқап қарасам, мұның да өзіндік себебі бар екен. Қанша жақсы білемін десең де, Әділбек Жақып сияқты не нәрсеге болса да сын көзімен, талғаммен қарайтын зиялы азаматты сыпыра мақтап, сыдырта жазып шығу қиянат болар еді.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, баспагер, журналист досым Әділбек жөнінде жазудың қиындығы еселеңе түседі. Осы орайда зиялы деген сөзді әңгіме арасында жайдан-жай келтіріп отырғанымды айта кетейін. Сөздің тура мағынасында ол нағыз зиялы ортадан шыққан азамат. Бұл арада мен оның Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әліби Жангелдин, Амангелді Иманов сияқты ұлы тұлғалардың кіндік қаны тамған құнарлы Торғай топырағында дүниеге келгенін ғана емес, тікелей өз отбасының да, нағашы жұртының да Торғай өңіріндегі зиялылар қатарында екенін айтпақпын.

Әкесі, Абылай ханның тікелей ұрпағы Жақып Есенгелді ұлы революцияның отты жылдарын бастан кешіп, атақты Әліби Жангелдинмен, Амангелді Имановпен тізе қосып, сол замандағы небір күрделі оқиғалардың бел ортасында жүрді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін қызметке араласып, заң саласында, оның ішінде адвокаттық салада еңбек етіп, айнала-төңірегіндегілерге талай шарапатын төккен, сол кездегі қанқұйлы саясаттың кесірінен жетім қалған талай баланы жетім-жебеп, адам қатарына қосқан ғазиз жан. Солардың бірі ҚазМУ-де ұстаздық қызмет атқарған Ғайни Ахметова апайдың үйіне Әділбек мені талай рет ертіп барды. Бір қызығы, бұл апайдың әкесі бай тұқымы ретінде жер аударылғанда жетім қалған шиеттей отбасын Жақып қамқорға алып, апалы-сіңілі екі қызды тәрбиелеп, тұрмысқа береді.

Сонымен бірге Батпаққара (қазіргі Амангелді — **О.Ж.**) ауданындағы аштық кезінде Ырғыз және Қарабұтақ аудандарында сот болып қызмет атқарған Жақып ауыдастарының бірнеше отбасын өзімен

бірге көшіріп алып жүрген. Соның көбісі жастар еді. Кейін олар елге оралып үлкен азаматтар қатарына көтерілді. Ал Әділбек әкесінің істеген осындай жақсылықтары туралы анасының аузынан бірнеше жылдардан кейін естіп біледі. Бұл — зиялылықтың, жасаған жақсылығын бұлдамаудың тамаша көрінісі емес пе?! Кейін сол Ғайни апайының өзінің қызметке тұруына көмектескенін Әділбек айтып жүретін.

Қазақтың көрнекті композиторы Бақытжан Байқадамов — Әділбектің туған нағашысы. Байбағлан мен хан, төре тұқымдарына қырғидай тиген Кеңес үкіметінің қаһарынан бұл отбасы да қашып құтыла алмапты. Әділбектің нағашы жұрты болып келетін ұлт мақтанышы Байқадам Қаралдин бастаған талай адам атылды, итжеккенге айдалды.

Бақытжан Байқадамовтың көзі тірісінде Алматы қаласының қақ ортасындағы үйіне Әділбек мені ертіп барып, Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфиловтың туған қызының, яғни ағамыздың жұбайы Валентина апайдың қолынан дәм татқан едік. Ағамыз белгілі композитор әріптесі Мыңжасар Маңғытаевпен әңгіме-дүкен құрып отырды. Былай шыққан соң Әділбек досым мақтанған кейіп танытып: "Нағашымды саған әдейі көрсеттім, айтсам ешкім сенбейді", — деді бұртиып. Жастық шақта көп нәрсенің қадіріне бара бермейсің. Қазір қарап отырсам, ол да бір қайталанбас тарих екен.

Міне, осындай текті ортада туып, ержеткен Әділбектің де алдыңғы толқын ағаларынан алар өнегесі мол еді. Алайда, сабақты жіп сәтімен деген бар. Өткеннің өнегесі жадында жатталып, көкірегіңде қатталғанымен, менің аталарым осындай өнегелі адамдар болған деп айтуға тыйым салынған уақытты да көзіміз көрді. Еліміз тәуелсіздік алмаса олардың есімдері санаңда сарғайып, о дүниеге өзіңмен бірге кетуі де мүмкін еді-ау. Осыны ойлағанда жүрегің мұздап сала беретінін қайтерсің. Ащы да болса шындық.

Әділбек Кеңес үкіметінің кемеліне келген кезеңнің ұрпағы. Ал бұл кезеңде сонау 30-жылдардағы қанқұйлы оқиғалар ұрпақ санасынан өшіріліп, қазақ халқының бұрын-соңды жетістіктерінің бәрі — Кеңес үкіметінің арқасы деп дәріптелді. Бәріміз, оның ішінде Әділбек те сол үкімет тұсында жоғары білім алып, сол үкіметке ынты-шынтымызбен қызмет еттік. Басқаша болу мүмкін де емес еді. "Көзімді ашып көргенім, аузымды ашып өпкенім" дейтіндей заман болды ғой.

Қандай қоғам болмасын, қандай заман болмасын, бұлталағы мен бұлтарыстары жетіп артылатын тіршілік ірімдерінен өз жолыңды тауып, өзіңе де, өзгеге де пайдалы іспен шұғылдану кез келген адамның қолынан келе бермейтін шаруа болса керек. Әділбек осыған қол жеткізе білген табанды азаматтардың бірі. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында Әділбек шабытына шабыт қосты, айтылмай жүрген, айта алмай жүрген, халыққа керекті талай дүниелерді жайып салды. Бұған оның университет қабырғасында алған журналистік мамандығы, одан кейінгі жылдары газет-журналдарда, баспаарда, ақпарат министрлігінде жұмыс істей жүріп жинақтаған мол тәжірибесі көмекке келді.

Осы арада оқырманды кейіпкеріміздің өмір жолынан қысқаша хабардар ете кетуді жөн көрдік. Әрине, Әділбектің ондаған жылдар бойы атқарған журналистік қызметінде жазған-сызғандары жетіп артылатын болғанымен, журналистік еңбек жолын жіпке тізіп, анау жерде тілші болды, мына жерде бөлім басқарды, анандай

мақала жазды, мынандай мәселе көтерді деген сияқты құрғақ баяндаулар жасауды мақсат етпегенімізбен, белгілі баспагер, журналист, республикалық "Балалар шығармашылығы" және "Тәрбие және білім" журналдарының бас редакторы, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Бас редакторлар клубының мүшесі екенін атап кеткеніміздің артықтығы жоқ сияқты. Бұл — Әділбектің еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген биіктері.

Атақты ҚазМУ-ден журналистика мамандығын алып шыққаннан кейінгі ондаған жылдардағы журналист Әділбек Жақыптың тындырған шаруалары, қоғамға сіңірген еңбегі әжептәуір қомақты. Атап айтқанда, ол Жезқазған, Торғай және Павлодар облыстық газет редакцияларында қызмет атқарды. 1991-2013 жылдары аралығында республикалық "Халық кеңесі" газетінде аға тілші, Қазақстан журналистер одағының "Дария пресс" ақпарат агенттігінің бас редакторы, "КазГор" жобалау академиясының баспа орталығының директоры, ҚР Баспасөз және ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Ақпараттық сараптама-талдау бөлімінің бастығы, ҚР Қаржы министрлігінің баспасөз хатшысы, "Астана-полиграфия" АҚ "Арай" баспасының директоры, "Парыз" қоғамдық қорының атқарушы директоры сияқты абыройлы қызметтер атқарып

ты.

Осы жылдар ішінде "Абылай", "Асыл сөз", "Летопись Астаны", "Қазақстан қаржыгерлері", "Қазақстан аудиторлары" және басқа кітаптары жарық көрді. Студенттік кезде қолға алған екі тілде іс жүргізу мәселелері бойынша ғылыми жұмысына қайта оралып, Мәскеу облыстық баспаханасынан "Фолиант" және "Наурыз" баспаларының қолдауымен "Іс жүргізу — Делопроеводство" атты оқулық кітабы өмірге жолдама алды. Бұл оқулық бойынша бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында дәрістер оқылады. Өз елінің патриоты Әділбек Жақып көп томдық "Ұлы Дала: Торғай тарландары" атты ғұмырнамалық энциклопедия жобасының авторы ретінде танымал.

Түптеп келгенде, бұл — журналист деген мамандық иеленген барша адамының жүріп өтетін сатысы. Ал осы сатылардың бәрін басынан кешкен оның өзгелерден айырмашылығы — ол қайда және не істесе де дербестіктен, неңдей бір оқиғадан өзіндік ой түйуден жаңылған емес. Дербестікке деген табиғатында бар ерекшелік ақыры оны баспа ісімен түбегейлі шұғылдануға алып келді.

Әділбектің санасында үнемі қылаң беріп қалатын бұл ой Қаржы министрлігінде жауапты қызмет атқара жүріп, сол министрлікпен бірге Астанаға қоныс аударған жылдары да көкейінен бір кетпей қойды. Оның үстіне дүниежүзін дүр сілкіндірген қазақ жастарының Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен кейін ілешала бой көтерген қоғамдағы демократиялық ой-пікір ұшқыны Әділбектің санасын жаулап, жазықсыз атылып, құдаланған, аттары еш жерде аталмайтын аталарының есімдерін ел есіне салуға сол жылдары алғашқылардың бірі болып кіріскен еді. Ерінбей-жалықпай ізденудің нәтижесінде Байқадам Қаралдин жөнінде зерттеу кітабын жазып, жарыққа шығарды.

Баспагер ретінде Әділбектің сол жылдардағы және бір елеулі еңбегі Абылай хан жөнінде ел аузында, кітапхана қорларында сақталған, әлі еш жерде жарияланбаған жыр-толғаулар топтастырылған кітапты 20 мың данамен жарыққа шығаруы болды. Бұл халықтың басым көпшілігінің санасында хандар туралы әңгіме айту әлі қалыптаса қоймаған кезеңді. Оны айта-сыз, Кеңес үкіметінің кезінде хандар туралы әңгіме айтпақ түгілі, өзінің төре жұртынан екенін жасырып, қазақтың кез келген басқа руларына сіңіп, солардың атымен аталатын, еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейін ғана төре тұқымы екендерін шым-шымдап айта бастаған ағайындар қаншама (төре екендерін әлі де айта алмай жүргендер де көп). Ал Әділбек сонау 70-жылдардың бас кезінде-ақ өзінің Абылай ханнан тарайтынын еш бүкпесіз

айтып жүретін.

Бүгінде Әділбек Жақып танымал баспагер. Оның тікелей қатысуымен Көмел Жүністіегінің "Ұлы пайғамбар және ұрпақтары" атты кітаптың бірінші және екінші басылымдары, Еркін Дәуешовтың "Жаны жайсаң Жайық аға" және Мәдени мұра бағдарламасымен шығарылған "Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының" 1-12 томдары оқырмандар қолына тиді.

Әділбек көптен бері өзі ойлап жүрген бір идеяны жүзеге асыра бастады. 2007 жылы "Арай" баспасының директоры қызметінде ол жасөспірімдер мен жастарға арналған "Жас қаламгер" әдеби басылымын өмірге әкелді. Оның бұл бастамасын корпорация президенті Алтынқан Оразқызы Құдабаева қолдады. Басылым еліміздің түкпір-түкпіріндегі кітапханаларға, мектептерге және балалар үйлеріне тегін таратылды. Дарынды жастар мен балалар үшін арнайы әдеби конкурстар ұйымдастырылды, оған 1 миллион теңге көлемінде қаражат бөлінді.

— Мұндай қамқорлықты ешқашанда көрген емеспін, — дейді қазақтың белгілі ақыны Серік Тұрғынбеков, — Жеңімпаз атанған Маңғыстау облысы Үштаған орта мектебінің оқушысы Бауыржан Әнуарбековтың "Жұмбақ әлемі" кітапшасы 3 мың таралымымен тегін жарық көрді. Талантты жас ақын Динара Мәлікованың "Жүрек лүпілі" жыр топтамасы жастар арасында бірінші орынды жеңіп алып, қомақты сыйлыққа қол жеткізді. Мұның сыртында қаншама шығармашыл жасөспірімдердің журнал бетіне шыққандарына мәз болғанын да көзіммен көрдім.

Осы игілікті істі Әділбек дабыра қылған да жоқ. Өзінің тектілігі болар, ол жас ұрпақ арасынан болашақта қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығуына ықпалы болса болғаны дегендей ой түйді. Осы басылым 2011 жылға дейін жарық көрді. Осы мерзім ішінде 320 беттік қатты мұқабамен шығып тұрған журналда 560 жасөспірімдер мен жастардың әдеби дүниелері басылды. Бұл дегеніміз қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына, болашақ ақын-дар мен жазушыларды тәрбиелеуге қосылған қомақты үлес.

Бүгінде Әділбек Жақып зейнеткерлікке шықса да, сол баяғы "Жас қаламгердің" жалғасы іспеттес "Балалар шығармашылығы" журналын шығарып келеді. Басылымды жер-жердегі мектеп оқушылары өздері әзірлеп, өздері шығарады. Оған қазіргі заманауи техникалық мүмкіндіктер жол ашып отыр. "Дарынды балаларды қолдау" жобасының авторы ретінде Әдекең Маңғыстау облысы Шебер ауылындағы Қаратөбе орта мектебінің оқушысы Мейірім Ердаулеттің "Бал балалық бал тұнған" атты тұңғыш кітабын жарыққа шығарды. Әрине, мұндай үрдіс бұрын-соңды болған емес.

Соңғы жылдары Әділбекте және бір идея пайда болды. Дұрысын айтқанда, бұл идеяның туындауына "Балалар шығармашылығы" журналын оқушылармен бірге қадағалап, мектепке қатысты журнал бетінде жарияланатын мақалаларға ден қойып жүрген мұғалімдер ой салды. Бір істі қола алса, одан бір нәтиже шығармай тоқтамайтын әдетімен Әділбек көп ұзамай "Тәрбие және білім" деген журнал шығара бастады. Бұл журналдың мектеп мұғалімдеріне ұнағаны сонша, оған мақала жазушылардың саны еселеп артты.

Еліміздің жүрегі Астананың насихаттауда Әділбек Жақыпұлының еңбегі орасан. Ол алғашқылардың бірі болып "Летопись Астаны" атты ақпараттық энциклопедияны жарыққа шығарып, Халықаралық "Жібек жолы" кітап көрмесінің бірінші дәрежелі дипломымен марапатталды. Астана қаласында мемлекеттік тілде жеке-меншік басылымдар шығарып, зиялы қауымның қалыптасуына игі ықпал етіп келеді.

Сөзімнің басында Әділбек досымды қайраткер деп атағанымыздың төркіні де оның баспа саласындағы қызметіне байланысты. Біздің қоғам, әдетте, қайраткер деп үлкен лауазым иелерін атауға дағдыланып кеткен. Ал, Әділбек сияқты баспа ісі арқылы қоғамда зор ағартушылық қызмет атқарып жүрген, өзінің жеке ісін пайда табу жолына емес, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап келе жатқан адамы неге қайраткер демесе?! Қайратың қажымасын, текті әулеттен тамыр тартқан зиялы дос демекпін.

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты.

● ТЕАТР

«Өкініш»

Қымбат
ДОСЖАНОВАИлияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрында белгілі ақын,
драматург Ақылбек Шаяхметтің «Өкініш» спектаклінің премьерасы өтті.

Кешкі сағат алты жарым. Залдың іші лық толы. Сахнаның төрінде жастары егде тартқан ерлі-зайыптылар. Бір-бірімен мұңдасады, сырласады. Ата-ананың бар ойы баласының жағдайы. Несиеге үй, көлік алып, қарызға белшеден батқан ұлдың қайғысы. Мұндай көріністі қазіргі кез келген отбасыдан көруге болатындай. Несиесі жоқ қазақ аз шығар. Біздің жұртқа қарыз алу, өсім беру тән бе еді?

Сахнадағы екінші көрініс – келін мен ене және ұлдың диалогы. Келін жасы келген ананы қарттар үйіне тапсырайық дейді. Бала бас ізейді. Екі ортада шырылдап жүрген – ана. Қария немересін қимайды да. Бірақ оның сөзіне құлақ асып жатқан кім бар?

Келесі көрініс қарттар үйінде өрбиді. Қариялардың бәрінің бала-шағалары, немерелері бар. Бірақ қарттар үйінде тұрып жатыр. Неге? Себебі, оларды жылы ұясынан аластатқан – туған балалары. Не үшін? Себебі, ұл мен келін тасжүрек, қатыгез, әлде...

Оқиғаның желісі осылайша дамып, шиеленісіп, шарықтап, шалқи жөнеледі. Спектакльді көрермендер қыбыр етпестен тамашалады. Кейбіреуі көздеріндегі жасты көрсетпеуге тырысып, бастарын төмен салып отырды. Бірақ үнсіздіктен ештеңе жасыра алмайсыз. Шынайы нәрсе жүректі дір еткізіп, көкейге ой салады. Сахнадағы көріністер өмірдің өзінен алынған оқиғаға дәп келеді. Қазір қарттар үйінің бар екені шындық. Ондағы ата мен әженің немерелерін сағынатыны да рас шығар. Бауыр еті баласын қызғыштай қорымайтын әке мен шеше жоқ. «Торғай екеш торғай да өз ұясын қорғайды».

Қарттар үйі деген қайдан шықты? Бұл сауалға спектакльдің кейіпкерлері де жауап іздейді. Шықбермес Шығайбай-

лардың болғаны о заманнан белгілі. Бірақ ондай Шығайбайлар ата-анасын тентіретіп жіберген жоқ. Қариялардың бірі ұлттық идеологияның жоқтығын сынаса, енді бірі балапан ұяда не көрсе өскенде соны ілер деген төмсілді алға тартады. Қоғамның кісілік, кішілік, мейірімге сусап жатқаны да сөз болады. Бұған теледидардан көрсетіліп жатқан атыс-шабысты қосыңыз. «Көк жәшік» әдеп туралы неге айтпайды?

Елу минуттық спектакль лезде өте шықты. Қойылымның уақыты ұзақ та емес, қысқа да емес. Көрушіні жалықтырған жоқ. Алайда, көрермендердің дені – үлкендер. Жастар бірең-сараң. Неге? Десек те, қариялардың рольдерін сомдаған артистер – жастар. Олардың ойнау шеберлігі көңілден шықты. Бірақ, ұлдың ролін сомдаған актерге сәл шынайылық жетпей қалғандай. Анасын қарттар үйіне баруға көндірген сәттегі көріністе баланың жан күйзелісін көргіміз келді. Бірақ ұлы суық хабарды жай ғана сөзбен айта салды. Дауыс дірілі, жүрек лүпілі талып естілді. Бәлкім, баланың анаға деген махабаты сондай суық шығар немесе бұл шешімнің арты немен тынарын дұрыс түсініп, сезінбеген шығар. Спектакльдің аты – «Өкініш». Олай болса, актер кейіпкердің эмоциясын дәл жеткізген болады. Өйткені адам

маңдайына таяқ тигенше ненің дұрыс, ненің қате екенін сезбейді де. Декорация. Әсіресе ағаштан торланып жасалған бөлмелер қарттар үйіндегі көріністі көз алдыңызға алып келеді. Шынында да, қариялар қуықтай бөлмелерде. Торға түскен тағдырлар деп те осыны айт.

Адамда өкініш көп қой. Ең қиыны – өкініштің орнын толтыру. Өткенге оралу мүмкін емес. Уақыттың еншісінде кеткен өкінішті кері қайтара алмайсыз. Әсіресе, бала тәрбиесінде жіберген қателікті түзету мүмкін еместей көрінеді. Себебі қисық өскен ағашты түзетемін десеңіз, сындырып аласыз. Спектакльден әркім түрлі ой түйеді. Біздің ойымызға тасжүрек, тастанды, тасбауыр, тәрбие деген түсініктер келді. Тәрбие дұрыс болса, тастанды бала мен тентірген қария, тасжүрек ұл мен қыз да болмас еді. «Тәрбие – тал бесіктен» деген осы да.

Р.С: Спектакльдің қоюшы режиссері – Ержан Қауленов. Шығарманың авторы мен қоюшы режиссері көрермен алдына шыққанда ду қол шапалақ соғылды. Сол сәттегі залдағы қошеметті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

СУРЕТТЕ: спектакльден көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● ТАҒЫМ

Ой хой, не деріңіз бар, егер жарық дүниеде жүргенде «Ей, ұмытпай жазып қойыңдар, менің 60 жылдығым «Сәтті-де», анау-мынауы білмеймін, келесіңдер!» – деп бір нығыздап алып, жақын-жораның қайсыбіріне «сен сволыш ұмытпа» деп Тәкең тағы да бір қарқырата күліп алар еді-ау. Талғаттың көңілі тасыған кездегісін көрсеңіз. Лақылдатып-декілдетіп ақтарыла айналасын бір дүр еткізетін. Сондайда көмейінің арғы жағынан жүрегі көрініп қалатындай болатын. Біздің арамызда, тұрғылас заман-



ЛОКОМОТИВ

(Талғат Қазымбекұлы
Спановтың рухына)

дастарының ортасында қалжыңға ыңғай беріп тұратын. Жатырқамай да, аңдамай да айта беретін. Тіпті, кейде әкесі Қазымбекпен де ағасындай ойнап сөйлейтіні бар, онысы атасы Жақыпбектің бауырында өскендігісі. Әйтсе де, Қазымбек ақсақал Меккеге жүрерде, қажылықтан қайтып оралғанда да құлқынсәріден вокзал күзетіп, қарт әкесі қиналып қалмады ма екен деп дегібірсіздене күткенін көз көрді.

Тәкеңнің ашулануы да тез еді. Кейде болмашы бірнәрсеге бола сіркесі су көтермей қалатын. Быжты. Бірақ онысы шәй орамал кепкенше. Қонақжайлығы ше: шақырған қонақтары 5-10 минут кешіксе бітті, ұялы телефонына дамыл бермей қоңыраулатып: «Қайда жүрсіңдер-ей!» – деп, бол-болдың астына алатын. Қолы ашық, көңілі түссе, қас-қабағына қарамай-ақ көлпал еді.

Талғат отбасына, тұтас әулетінде жел жағына пана болған еді. Өзінен кейінгілерінің бірде-бірінің жай-күйіне бейжай қараған емес. Жетпегенді жеткізіп, өтпегенді өткізіп беріп жүрді. Алды жаз, інілерге тыныс еді. Дәрменді де пәрменділер ортасы Төраға – Тәкеңнің байлаулы сөзінен асып кетпейтін.

Отбасында қосағы Фаузияның кешегі күнге дейін Тәкең барда үй ішінің керек-жарағын, балалардың келешегі мен болашағына алаңдамай-уайымдамай-ақ келіпін дегені бар. Осындайда ойлайсың: төрт баласын жеткізіп, бас-басына отау тігіп беріп, өскен-өнген әулетіне айналдырған, отыз төрт жыл бойы теміржолдай тірлік күретамырының бұлкүлін қапы жібермей дөп басып келген Қазымбектің Талғаты бейнебір алып составты өрге сүйреген ЛОКОМОТИВ тәрізді болған екен. Иә, күшті локомотив, алпыс батпан жүк артсаң да заулатып ала жөнелетін. Бірақ.. небәрі елу бесінде шойын жолдың бойындағы сол жампоз ойламаған жерден морт кетті. Марқасқа белге ұрған жылаңдай сұлқ түсті. Тебінгісі терге шіріп, терлігі майдай еріп, алты малта ас болып, өзінен туған жас бала, сақалы шығып жат бола бастағанда... дүние шыр айналып жүре берді.

Сонау Алматыдан шойын жолдың бір ақияғын ардақтап келген бойы туған топырағына табаны тиген соң, небәрі екі-үш күнде..

Бү жалғанда қарапайым пендеге тән бақыт-қызықты: жар, бала, немере сүю; өз кәсібінің нәсібін көру, атақ-даңқына бөлену, бәрі-бәрін Тәкең басынан өткерді. Өзі де болмысынан шаруақор, өзіне дамыл бермейтін жан. Бәрін де жеткізем, бәріне де үлгерем деп жанталасты. Ауыл-аймақ, туған туыс, құда-жекжат, дос-жаран, жора-жолдас қай-қасының да тойы мен дуы, қуаныш-қызығының бірін де құр жібермей құрақ ұшты. Атырау-Алтай, Арқа-Алатау арасын осынау ғұмырында сан рет шиырлады. Қайран қазекеңнің кісі көңілін қалдырмаймын дейтін арда қасиеті қара басының әл-дәрменіне қаратпай, ақырын-ақырын мысықтабандап сор болып жабыса берді. Төраға болып өрге шыққанда да, құда болып төрге шыққанда да көңілін көл-дария етті. Өзгені аялау, өзінді аямау әбден қанға сіңіп кетті. Тәкең өзін аямады. Ал заман болса одан сайын қамшылап, шынжарасын сыздата берді.

Кейде, Талғат, тектінің тұяғы, ақсұңқар құстың баласы, өмірінің жарқыны мен жарқилы еске түскенде, мына жарық дүниеде бір адамның емес, бірнеше пенденің сүретін ғұмырын сүріп, ел айтып жүрген алпысты – «талтүсті» бастан кешіп кетті ғой деп ойлайсың.

Мұқағали ақын да қысқа ғұмырында біз айтып жүрген өмірдің қызығы мен шыжығын көрді. Әйтсе де: «Өмір дегенге, тірлікте, сірә, жетер ме ой?.. Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой. Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой!» Сірә, жұмыр басты пендеңіз кеудесінде жаның барда бір күндік сәуленің қадір-қасиетін бағалай алмаймыз-ау, қадіріне жетпейміз-ау... Кім біледі, Тәкең бағасын біліп, іштей тынып кетті ме?

Вокзалда составты сүйретіп келіп тұрған локомотивті көрсем, Тәкеңнің нарқасқа тұлғасы еске түседі.

**Жанұзақ
АЯЗБЕКҰЛЫ.**

● БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Дарынды оқушы – ел болашағы

«Дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде облысымыздың жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында «Жарқын болашақ» VIII облыстық KATEV қазақ тілі олимпиадасы өткізілді. «Жарқын болашақ» олимпиадасы 3 кезеңнен тұрады (аудандық, облыстық, республикалық) және 5 конкурсты қамтиды (қазақ тіл білімі мен әдебиеті, мәнерлеп оқу, ән айту, ғылыми жоба, жазбаша шығармашылық жұмыс).

Дәстүрге айналған осынау ауқымды олимпиада биыл Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен халықаралық деңгейге шығарылмақшы. Яғни, қазақ тілінің қолдану аясын бүгінгіден де кеңейтуді жоспарлауда. «Халықаралық Тіл және мәдениет фестивалінің» ұйымдастырушылары бұл шараны 2013 жылынан бері бес құрлықтың жиырмадан астам елінде ұйымдастырып келеді. Атап айтқанда: АҚШ, Австралия, Бельгия, Германия, Румыния, Франция, Индонезия сынды елдерінде өткен іс-шараға 140 елдің жас өрендері қатысып, бақтарын сынаған болатын.

Біздің облысымыз бойынша, биылғы жылы Денисов ауданынан басқа, барлық өңірлері мен дарынды балаларға арналған арнайы мамандандырылған мектептер белсенді қатысты. Сайысқа төрешілік етуге арнайы кәсіби мамандар шақырылды.

Әділқазы мүшелері сайысқа қатысқан 180 оқушыға төрелік етті. Барлық жүлдегерлер мен олардың ұстаздары марапатталды. Сайыстың қорытындысы бойынша 10 оқушы халықаралық финалға жолдама алды. Облысымыздың намысын халықаралық деңгейде қорғауға аттанатын оқушыларымызға сәттілік тілей отыра, аты-жөндерін атап өткенді жөн көреміз. Олар: Шынкентаев Ұлан, Қатай Гүлмайдан, Жолбарысова Асем, Ешназарова Лаура, Жазықпаев Бекболат, Мамедова Севда, Кравченко Ксения, Ақбарова Әйгерім, Халтурина Арина, Ковальчук Екатерина.

Шәкіртін қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, тарихына, мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру мен үйреніп білуге ынталандырғаны және «Жарқын болашақ» VIII облыстық KATEV қазақ тілі олимпиадасына жүлдегер дайындағаны үшін Р.Әлім, К.Жаңакова, Б.Мукашева, А.Усманова, Ы. Байғабылова, Қ.Шөкенова, Э.Рахимова, А.Үсенова, М.Шарипова, Ж.Мирманова сынды әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз. Білім беру бөлімдері мен ұстаздары, облысымыздың абыройын арттыру және тілге деген құрметті күшейту мақсатында халықаралық деңгейге күнделікті, тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр деп сенім білдіргіміз келеді. Алдағы уақытта да барлық өңірлердің белсенді қатысуына, әсіресе, өзге ұлт өкілдерін көбірек ынталандыруға, яғни, аясы кең тілдік орта қалыптастыру мақсатында тіл жанышырларына үлкен үміт артамыз.

Қайрат ТАЙМАГАМБЕТОВ,
Дарынды балаларға арналған
қазақ-түрік лицей-интернатының
директоры.

НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ



ҚАБҮСНАМА

(Басы өткен санда)

Дос-дұшпандарыңмен абайлап сөйлес, жақсы, яки, жаман сөз айтсаң да, жауабын күтіп, әр сөзінің төркініне назар сал. Әрбір сөзді жұрттың бетіне жасырмай айт. Егер бетіне айта алмасаң, екіжүзділіктен сақтан, екі жүзді адамдардан аулақ бол. Шағымшылдан сақ бол. Өйткені оның бір сағатта бұзған ісін бір жылда түзету қиынға соғады.

Қанша ұлық, қанша дәулетті адам болсаң да өзіңнен күштімен керіспе. Данышпан Фашегурс он түрлі қасиетке ие болу үшін hareket етсең, бәледен құтыласың депті: оның бірі – өзіңнен ұлық күштімен ұрыспа, оңар мінезділермен алыспа, қызғаншақ-қыз балалармен мәжілістес болма, монтаны екіжүзді адаммен дос болма, жалғаншы жанмен мәміле қылма, бақылмен сұхбаттас болма, көре алмайтын жаманмен, мінез-құлықты жандармен шарап ішпе, қатындармен бір жерде көп отырма, сырынды ешкімге айтпа, абыройың төгілмесін. Егер бір кісі айыбыңды айтса, hareket етіп сол кемшілігіңді жөнде, біреуді орынсыз мақтама, уақыты келгенде оны жамандай алмайсың. Сол сияқты біреуді қатты жамандама, уақыты келсе, оны мақтай алмайсың. Кімнің саған ісі түсіп, мұқтаж болса, оған кінәнді айтып қорқытпа. Өйткені, әрбір адам саған мұқтаж болмаса, сенің айтар кінәңнен да, күш-құдіретіңнен де қорықпайды.

Жаза беру мен кешірім жасау

Егер бір адам айыпты іс істеп, жағдайын айтып өтінсе, айыбын кешір. Өйткені, ол адам ғой. Күнәні бөрінен бұрын Адам ата жасаған. Бостан-бос күнәсіз жанды жазалаушы болма. Арзымайтын іс үшін әркімге азар берместен, ашуың келген кезде оны жұтып жіберуді әдетке айналдыр. Бір айыбы үшін сенен біреу кешірім сұрап келсе, кешірім беруді міндетім деп түсін. Егер айыптыны кешірмей жаза берсең, сенің одан артықшылығыңды қалай ажыратуға болады? Адамның айыбын кешіргеннен кейін оны ұрыспа, күнәсін есіңе сақтамағын. Егер есіңе сақтасаң, кешірмеген болып шығасың.

Мұқтаж адам қажетім шыға ма деп сенен үміттеніп барғанда сенің қолына түскен тұтқын сияқты болады. Қайсыбір адамға ісің түсіп, мұқтаж болсаң, өзіңді оның қызметкері немесе құлындай сана... Қажетінді қабылдаса оған шүкір қылып, қабылдамаса, өз бақытыңнан көргін де, өкпелеуші болма. Сен оған өкпелеп кінәлағаныңмен ол сенен қо-

рықпайды. Егер ол сенен именген жағдайда қажетінді шығарған болар еді. Ісің түскен кісі жарамсыз, төмен адамдардан болса, одан дені сау уақытында қажетінді сұрама, өйткені ол дені сау кезінде ешнәрсе бермейді. Одан тек мас кезінде ғана сұрағын. Бақыл пейіл, оңбаған, жарамсыз жандар мас кезінде сақы болады, олар екінші күні ғана өз ісіне өкінеді.

Кәсіптік білім үйрену, ұстаздық және қазы болу

Жалпы, өнер, кәсіптің ішінен ілімге талапкер болсаң, өте ұқыпты әрі ынсап-қанағатты бол. Ілімге дос болғың келсе, уақытты босқа өткізуді дұшпаның деп түсін. Сабырлы әрі салмақты болып, жеңілтек желөкпелер қатарына қосылма. Кеш жатып, ерте тұр. Кітап оқу, сабақ беру мәселесіне ерекше көңіл бөл. Өз ісіңнен зерігуші болма, оқығаныңды жаттай қайталаумен жақсы біліп алғын. Нені есітсең, соны көңіліңнен қайталап өткізіп, жадына сақтауға тырыс. Кітап, қағаз, қалам, қаламұштағыш сол сияқты тағы да басқа қажетті заттарды әрдайым өзіңнің жаныңа қойып, басқа нәрселерді маңыңа жуытпа. Аз сөйлеп, ұзақ ойланғын. Егер әрбір азаматтың табиғаты осы сипаттас болса, ол сөзсіз өз заманының озық адамы болады.

Тым ұзақ немесе тым қысқа және мағынасыз сөз сөйлем.

Ей, перзентім, егер сөз жарысына құмар болсаң, ақын болғын, көп жағдайды жадына сақтай білгін. Кім болса сонымен тартысып, сөз жарыстыруға қызықпа.

Мінбеге шығып алып, көңілің қалаған, аузыңа түскен сөзді айта бермей, мақсатыңды қысқа әрі сұлу сөзбен сөйлегін.

Киген киімнің өзіне қонымды әрі таза болсын. Әрдайым қарапайым әрі көңілді жүр. Базарда, басқа да көпшілік орындарда көп сөйлемесең, көптің көзіне құрметті көрінесің. Жаман істен өзіңді аулақ ұстағын. Мінбеде тұру тәртібін сақта, төкәппарлық, жалған айту, паралау сияқты істерден бойыңды таза ұстағын. Сен нені істеуге шамам келсе, жұртқа да сол сияқты істі орындауға тапсырма бер.

Саудагерлік және алыпсатарлық

Ей, перзентім, қиянаттан аулақ бол, біреу бір рет қиянат жасаса, оған бірде-бір жан сенбейтін болып қалады.

Туралықты өзіңе кәсіп еткін, ең жақ-

сы іс – туралық. Сауда ісінде, сатып алу-да әдепті, сыпайы бол. Кісіге уәде берме, уәде берсең, оны орында. Қарыздарға жалған сөз айтпай, шындықты сөйле. Мәміледе, біреуге документ, сенімді хат бергеніңде немесе алғаныңда ықтият бол. Аласы ақың қолыңа тимей тұрып, документті ешкімге де қолыңнан берме.

Қай жерге барсаң да, дос-жаран тауып ал, танымайтын, сұм, арам пейіл, жаман адамдармен жолға шықпа. «Алдымен жолдас тап, онан соң жолға шық» деген мақал бар.

Егер әртүрлі зат алсаң, көрмей алма. Бірнәрсе сататын болсаң, әуелгі бағасынан хабардар болып, келісіп сатсаң, соңында әуре-сарсаң болмайсың. Өз билігіңді қолыңнан берме, ұлықтар сияқты үй, ат-өбзелінді жөнде, қажетті заттарды алғын. Бір жылға қажетті әртүрлі затты екі есесімен алғын. Кейін бағасынан хабардар болғын. Егер бағасы көтерілсе, сол алған заттарыңның жартысын сат, қалғаны тегін болады. Бұл істен кінәлі немесе жаманатты болмайсың. Бірде-бір жан сені сараң демейді. Өйткені, бұл істі үй қожалығы талап етеді. Бұл сараңдыққа жатпайды. Айыбы жоқ, қожалығыңа зиян келмесін десең, осындай әдісті итергің келсе, дәрігерлік, тәуіптік ілімнен жақсы ілім жоқ.

Жұлдыздар мен геометрия

Шын мәнінде адамның тууы анадан туған күн емес, ер кісінің ұрығы тілі, ананың құрсағына түсіп, оны әйелдің ұрығы қабылдайды. Міне, осы сәтті адамның туылуының негізгі бастауы осы. Жақсылық пен жамандық осы жағдайға байланысты. Бала анасының қарнына түскен сәтін ең жоғарғы өзгеріс дейді. Өзгерістің жылдан жылға өтуін орта өзгеріс дейді... Ер адамдардың ұрық әсілінде не қасиет болса, ананың құрсағына да сол өтеді.

Ақындық өнері

Ей, перзентім, егер ақын болғың келсе, ақылды бол. Сөзің тілге жеңіл, көңілге қонымды болсын. Түсінуге қиын қисынсыз сөздерді қолданудан сақтан, өзіңе түсінікті болғанмен, өзгелерге түсініксіз ауыр сөздерді пайдаланба.

Өленді өзің үшін емес, жалпы халық үшін жазуың керек. Бір сарындағы ұқсас бірегей буын өлшемдерінен құрастырылған мәдениеті төмен өлең жазу ісімен шұғылданба. Өлеңнің сыртқы түріне мазмұны сай келіп құлпырып тұрғаны жөн.

(Жалғасы бар)



● БҰРЫНҒЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Абылайдың түсі

Біріншісі

Жар астынан шапқан талай жаудың алдын алып, айла-тәсілдерімен көзге түскен ержүрек, ақылды Абылайды үш жүздің игі жақсылары ақ киізге орап хан сайлады. Хандық ғұмырының алғашқы күнінде Абылай түс көреді. Бұқар жыраудан түсін жоруын сұрайды... «Астымда қылқұйрық жүйрігім бар екен. Сарыарқаның сайын даласында серуендеп жүрмін, – дейді хан. – Азуы керекарыс дәу арыстан батыс беткейді бетке алып тұра қашты. Астымдағы жануарды қос төсінен екпіндетіп, тепсіне сала, сауырына қамшы бастым. Тұяқты жануар дес берсін бе, қуып жетіп, көп арпалыспай арыстанның ішін қанжарыммен орып жібердім. Міне, қызық! Арыстанның ішінен бір жолбарыс атқып шықты да, ол да қаша жөнелді. Тұра қудым. Жете беріп, аш бүйірге қолымдағы қанжарды тағы салдым. Ақтарыла кеткен қарыннан көкжал қасқыр шықты. Ес жиып үлгергенше ол да қашты. Ұзаққа апармай, қасқырды да жайратып салдым... Енді қызыл түлкі қашып барады. Түлкіні де қуып жетіп, қарыннан осып жібергенімде, ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке ақтарылып қоя берді... Бірақ, бұлар менен сескенбеді, қашпады. Бәрі жабыла быжынап, астымдағы қылқұйрықтың сауырына, жалына өрмелей түсті. Шошынғанымнан айқайлап жіберіп, оянып кетіппін». Абылайдың түсін мұқият тыңдаған Бұқар былай жорыған екен: «Қылқұйрыққа мінгенің – хан тағына отырғаның. Ал, алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады. Одан туған ұл да жолбарыстай қайратты, ержүрек, батыл болмақ. Жолбарыстай тұқымыңнан туған шөберең көкжал қасқырдай азулы, айлалы, күшті болып жаратылады. Ал, одан тараған ұрпақ заманына қарай қызыл түлкідей қу, алайда, су жүректен келеді. Одан кейінгі тұқымың әлгі бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесірткедей майдалана түспек...»

Екіншісі

Абылай ел-жұртының алдында абыройы асқақтап, күш-қуаты да кемеліне жетіп, дәурені жүріп тұрған шақтардың бірінде түс көреді. Әдеттегідей, Бұқар жырауға жорытпақ болып:

– Ақылшым, мен түс көрдім, – дейді. – Табытта жатыр екенмін. Басымда үш жүздің шашақты байрағы тігіліп тұр. Оны ашу мен қаһарға мінген үш тобыр жұлмалап, жұлып әкеткелі тұр... Табыттыңның бір бүйірінде азулы арыстан, екінші бүйірінде айбарлы айдаһар жатыр. Төменгі жағымда бір топ үрім-бұтағым, яғни ұрпағым бар. Уәлиден тараған ұрпағым рухыма бағыштап Құран түсіріп жатыр. Қасымнан өрбіген ұрпағымның ішінен бір батыр тұлғалы тентегім алмас жүзді қанжарын қайрап, мені қауіп-қатерден қорғаштап тұр. Ал, мен өліп жатсам да, екі бүйірімде жатқан азулы арыстан мен айбарлы айдаһарға кезек қарап, «Мыналардан қалай құтылам?» деп жанталасудамын. Осы түсімді жорып беріңіз.

Бұқар аз-кем ойланып, «Хан ием, түс жору – түлкі аулаумен тең» десе де, жорып көрейін, – деді.

– Сөйлеңіз, көмекей аулием!

Абылай Бұқар жырауға құлақ түріп, талай тығырықта уәлі сөзімен жол тауып кеткен кеңесшісінің аузына қарады. Көп бөгелмей жырау бабамыз сөйлей жөнелді:

– Қырыққа жетпей табытта жатқаның – ғұмыр жасыңның ұзақ болатынын айтады. Басыңда үш жүздің байрағы тігіліп, оларға үш бірдей тобыр таласып жатса, қазағыңды құраған үш жүздің ақ киізге отырғызып сайлаған хан болғаның. Бірақ, хан тағына ие болғаныңмен, қабырғалы халқыңа ие бола алмайсың. Сен бақилыққа аттанған күннен бастап қарауыңдағы елдің іргесі ыдырап, шаңырағы шайқалады. Жан-жаққа шашырайды. Табытта жатып, қос бүйіріндегі азулы арыстан мен айбарлы айдаһардан қалай құтылудың жолын таппай жанталасқаның – өле-өлгенше халқыңның қос қапталындағы алпауыт екі мемлекетке жалтақтағаның. Екі мемлекеттің түртпегінен аман шығудың айланын іздегенің. Ал, төменгі жағыңдағы өзіңнен тараған үрім-бұтағыңның ішінен бірі рухыңа бағыштап Құран оқыса, бірі қанжарын қайраса – Уәлиден өрген бір тұқымың есімін қағазда, Қасымнан өрген бір тұқымың есімін майданда қалдырады, – депті. Түс жорушының сөзіне тынып, тұнжырап отырған хан осы сәтте: «Мен қайда қаламын сонда?» – деп, сауалын төтесінен қояды. Жырау тосылмайды. «Басыңа үш байрақ бекер тігілген жоқ. Ісінді ел ұнатса, үш жүздің жүрегінде қаласың!», – дейді.

● ОҚЫРМАН ПОШТАСЫНАН

Ашығын айтқанда соңғы жылдары редакциямызға хаттар жиі келетін болды. Мазмұн тақырыбы әр алуан. Әйтсе де, солардың ішінде өткен ғасырдың тар жол тайғақ кешуін көріп, соғыс жылдарындағы тыл тірлігінде өндіредей жас болған аталарымыз бен әжелеріміздің естеліктері, өз заманындағы тыныс-тіршіліктен сыр шертетін жазбалары былтырдан бері көп түсті. Бір хаттардан майданнан келген перзенттердің сағынышын, енді бірінде, баласын сарыла күтіп, ет-жүрегі езілген ананы көресің. Біз бүгін редакция поштасына келген абзал әжелеріміздің өз қолымен өтіне жазып жолдаған қарапайым жырларын ұсынбақпыз.

Редакция



Әкемді әскерилер алып кетті,
Тапсырдық бір Аллаға біз аманат.
Көз жасын көрі-бала халық төкті,
Ерлердің соңында қап ұзаған-ақ..
...Әкемнің жүрген жерін көріп келсем,
Апарып, киім-кешек беріп келсем –

Майраш

Арманым орындалар еді-ау менің,
«Бара ғой, жолың бос» деп ерік берсе.
Сағындым әкемді мен қатты-ай, қатты!
Сағыныш сол бір тәтті шақты ойлатты.
...Майсыз шай ішпейтұғын әкешімнің,
Жатқанда жамбасына тақтай батты.

Олжабайдың өлеңі

Қолыма қалам алайын,
Хат жазып, елге салайын.
Ішімде сақтап жүргенше,
Тарқатып шерді қалайын.
Жанымда менің ағам жоқ,
Ағайын тұрмақ, панам жоқ.
Жазмыштың ісін қайтейін,
Озатын одан шамам жоқ.
Темір таяқ аларсың,
Құбыла жаққа қарарсың –
Құлыныңды, аға, іздесең,
Украинадан табарсың.
Алты айдың жүзі – азғаным,
Сағынып елді, маздадым.
Қатесі болса, ғафу ет –
Білгенімді осы жазғаным.
Оқ пенен оттың, минаның
өтінде жанды қинадым.
Снарядтар жарылса,
Көкке ұша жаздар иманым.
Есімде – ұйқым аша алмай,
Аяқ кебісім шеше алмай,
Арманда кеткен отыз жас

Бойымды жазып өте алмай...
Хат жаздым солай опығып,
Көңілдің басы тотығып.
Хатым кетіп, мен қалдым,
Сол жазған жерде отырып.

Араладым Свердлов қаласын,
Қайран елім, артта қалып барасың.
Көгендеген қойдай қылып тиеді,
Жиып алып қазақ-орыс баласын.

Жүйрік пойыз үстінде өнге саламын,
Қоштасудың белгісіндей – сол әнім
(Челябинің өте бере тұсынан,
Артқа қарай жалтақтаумен боламын):

«Сәлем айт туған еліме,
Ноғайдай өзен-көліме.
Қырық жыл қырғын болса да,
Барамын есен еліме!»
Бостандық ҚҰСАЙЫНОВА.
Алтынсарин ауданы,
І.Омаров атындағы ауыл.

Қазағым, саған тілегім

Айналайын қазағым,
Ер болып туған халықсың!
«Тар жол, тайғақ кешуден»,
Күреспен өткен алыпсың.
Бодандықтан босауға,
Бұлқынып өткен нарымсың.
Ұлтын сақтау жолында,
Лаулап өткен жалынсың.
Тілін сақтау жолында,
Жүзін жанып намыстың,
Жерін сақтау жолында,
Білек күшін тауыстың.
Азаттық үшін күресу –
Ұланың үшін анық сын.
Нешелер батыр тудырған,
Заңғар тұлғалы халықсың!

Көрген де нәубет, азабың,
Қайтып енді келмесін.
Аспаныңды торлаған,
Қара бұлт қайта төнбесін.
Қайта үрлеп жаққан шырағың,
Мәңгілікке сөнбесін.
Әлемге болған белгілі,
Мәртебең сенің өрпесің!
«Бабадан қалған жеріңде,
өмір сүр еркін!» дер едім;
«Анадан қалған бесікте,
тербелсін сәби» дер едім;
«Елі мен жерін сүйетін,
ер болып өссін!» дер едім;
«Ана тілде сөйлейтін,
есті боп өссін!» дер едім.
Дәстүр мен салтын
халқының,

Жалғап жүрсін ұл-қызың.
Құндылығы ұлтымның –
Сөнбейтұғын жұлдызым.
Тыныштығын елінің,
Қорғап жүрсін ұланың.
Ынтымағы мен бірлігің,
Қадірлеп жүрсін қыраның.
Тәуелсіздіктің ғұмырын,
Тілеген қарттың бірі едім.
Бірлігіне ұлтымның,
Сүйінген қарттың бірі едім.
Жәбіріне өзгенің,
Күйінген қарттың бірі едім...
Мәңгілікке азат бол –
Қазағым, саған тілерім!
Айғанша ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ.

БАТА

(Сүйікті жиенім
Адияға)

Сен келіп өсті-ау мерейім,
Тереңнен сөзді терейін.
Атадан қалған асыл сөз –
Батамды саған берейін.

Қадамың, күнім, оң болсын,
Несібең татар мол болсын.
Жүрсең де қайда аман бол,
Сапарға шықсаң жол болсын.
Ботамсың менің қымбатты,
«Ата» дегенің тым тәтті.
Ойлы бол, сұңғақ бойлы бол,
Ақ қайыңдардай сымбатты.
Әкеңнің еріп соңынан,
Анаңның ұстап қолынан,

Арманға биік қанат қақ,
Ай, күнің тусын оңынан.
Үйіме жиі келіп тұр,
Қостанай жерін көріп тұр.
Тілекші ата, әжеңді,
Қуантып сәлем беріп тұр.

Жұмағали АРҒЫНБАЕВ.
Қостанай қаласы.

● БҰРЫНҒЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Бұл өңірде кездесетін аласа-лау тау етегінде отырған Байболат бидің ауылында бүгін ерекше қарбалас. Ерте тұрған ауылдың әйелдері сиырларын сауып, қой-ешкі, бұзауларын ауыл маңына айдап тастап, енді қазан-ошақты айналдыра бастаған. Шешелері болмай оятып алған бірен-саран ересек балалар киіз үй маңайында тамыздыққа ағаш бұтарлап жатыр.

Осы әуре-сарсаңнан бір маңызды істің болары сезілгендей. Дүрбелеңді ауылға қызғылт шуағын шашып күн де көтеріліп қалған. Ауылдың күнгей жағындағы жалаңаш төбеге қарай бидің өзі бастаған бес-алты ересек адамдар беттеп барады. Бүгінгі ақсақалдар алқасында күн дауы талқыланбақ. Күн даулаушы – осы арадан күндік жерде Тосынның құмында отырған Әділхан батырдың ауылы. Осыдан бір апта бұрын Байтабын бастаған ауылдың тақымы мықты, білекті бір топ жігіттері барымта жасап келген. Олжалы оралып, шағын бір үйір жылқы айдап келіп еді. Бірақ қуаныштарын үш күннен кейін келген хабар су сепкендей басты. Барымтада болған қақтығыс кезінде қата тиген сойылдан аттан құлаған күзеттегі Есен деген жігіт есі кірместен екі күннен соң қайтыс болыпты. Марқұмның артында шиемтей үш баласы қалыпты.

Мәжіліс енді ғана қызып, сөз алғандардың дауысы қаттырақ шыға бастаған кезде, ауылға оңтүстік жақтан кіретін қара жолдан аттың дүбірі естілді. Ертелетіп шұғыл жүрген кім екен деп бәрі бұрылып еді, қан сорпа болған, тіпті кірпігінен тер тамшылап тұрған аттан үсті-басы шаң-шаң қияқ мұрт жас жігіт сыпырылып түсті. Бәрі ошарыла көтеріліп, оны қоршап тұра қалысты. Бірі суыт жүрген жолаушыны сұрақ астына алып жатса, бірі оған тостағанмен сусын ұсынып жатты. Қымыз толы ыдысты бірақ қотарған Оңдасын, бұл көрші Әділхан ауылының жігіті еді, көзімен осы ауылдың басы Байболатты іздеді.

Жаушы әкелген суық хабардан бәрі ошарылып, көбі жер шұқи бастады. Қалмақтардың әлсін-әлсін шауып кетіп жүретіндеріне, нақ бұларға тие қоймағандығынан ба, құлақтары үйрене бастағандай еді. Енді міне өздерінің басына да қауіп төнді. Отырғандарды ауыр үнсіздік басып, біруақ әркім өз ойымен болып кетті.

Бұл кезде қазақтың кең даласына жоңғардың Қалден Серен мен Шұна Доба нояндары бастаған жүз мың қаралы әскері жолындағының бәрін қырып, қиратып баса-көктеп кіріп келеді деген суық хабар тарап кеткен еді. Бұл 1723 жыл еді.

Жасы келіп, көзінің нұры тая бастаса да, тамырлары білем-білем қуатты жалпақ алақанымен жанында басын тізесіне салып, қисайып жатқан кенже баласы Ерасылдың басынан сипап отырған Мөңке де қалың ойға шомып кетті. Оның уайымы үлкен ұлы Бай-

табын еді. Үйленіп, бөлек отау етіп шығарғанына да көп болған жоқ. Құдасы, өзінің талай жорықтасы болған ұста Мәуленнің баладан жалғыз ғана қызы Қаншайым сұлу, енді бұның келіні. Ашып айтпаса да, іштей бірі немере, бірі жиеннен үмітті еді. Ұлы Байтабын енді ғана буыны қатып, жұрт аузына ілі-

не бастап еді, сонда да әлі иі қана қоймаған алмас қылыштай ұрысқа сала қою ертерек...

Батырдың ойы сан-саққа жүгіріп, енді бірде сонау қылшылдаған жастық шағына жетелеп кетті. Бір әкеден туған үш ағайынды ұлдар жастай қой-ешкі, сосын жылқы бақты. Ағаларына еліктеп өскен бұл да көкпарға ерте түсті, талай рет түн қатып барымта да жасады. Есейе келе сайын далада жортып-шауып жүріп, ағаларымен тізе түйістіре ойраттармен талай шайқастарға қатысты. Сондай бір шайқаста екі бірдей ағасынан айырылып, ой-бауырымдап қалып еді. Көп ұзамай-ақ балаларының күйігінен әкесі о дүниеге аттанып кетті. Шеше бейбақ шашы аппақ құдай болып, өле-өлгенше сол уайымды арқалап кетті. Енді міне, «өгізге туған күн бұзауға да туадының» кері келді. Елін, жерін жаудан қорғауға бес баладан аман қалған екеудің үлкені Байтабын да аттанбақ. Мынау алдында жатқаны әлі кішкентай, бұның да уақыты келер, – деп бір күрсініп алды.

Байтабын жас болғанымен, ел арасында батыр, мерген деген атағы шыға бастаған. Аздаған серілігі де бар. Үйленгеніне әлі бір қыс, бір көктем болып еді. Құдай қосқан қосағы, жастайынан атастырып қойған сұлуы, әкесінің талай қалмақтармен соғыста болған үзеңгілес досы Мәулен ұстаның қызы Қаншайым еді. Кеше де екеуі айлы түнде ауылдың іргесіндегі өзеннің жағасында отырып, біраз қиялға ерік беріп, шерлерін тарқатысқан. Өйткені бұл кезең аумалы-төкпелі кезең еді. Алда әлі біраз арман, істейтін іс-шаралар көп еді. Бұл кезге дейін ойрат атаңа нәлет шабуылын әлсін-әлсін үдетіп, елдің шетін біртіндеп түріп келе жатыр еді. Ауылдың ақсақал-қарасақалдары бас қосқан жиындарда ойрат-жоңғармен болған қақтығыс-соғыстар әңгіме болатын. Оған арқау болатын ұзынқұлақтан келіп жатқан жақсылы-жаманды хабарлар еді. Жаманы, жоңғарлар Шұна-Доба ноян бастап, Тәшкен мен Түркістанға тақап келеді екен, жақсылы – үш жүздің билері бас болып, бірігіп қалмаққа қарсы көтерілмек.

Қалың ойға шомып кеткен Мөңке санқылдаған бидің даусынан селт етіп, жанындағыларға барлай қарады.

«Осыдан шамамен екі жеті бұрын Есіл жағасында берілген үлкен аста Қаз дауысты Қазыбек

бимен табақтас болдым», – деп, сөзім қалай әсер етті дегендей сәл кідіріп алды да, алдындағы қымыздан бір ұрттап, сөзін жалғастырды. Естуімше, жақында Күлтөбеде үш жүздің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары бас қоспақ... Алаштың балалары бірігіп қалың қалмаққа қарсы көтерілуіміз керек, әйтпесе, елдігімізден, жерімізден айырып, ұлымызды құл, қызымызды күң етеді. Сондықтан шешуші күн алыс емес... – деді. Сөзінің арты ауылдан қанша жігіт аттанатынын, дайындыққа не қажет екеніне ұласты. Соңында сөз алған Мөңке Орта жүзден Шақшақ Жәнібек қол жинап жатырғанын, өзінің үзеңгілес досы болған Наймантайдың ұлы Байғозы осы өңірдегі жігіттерден жасақ құрып, Жәнібекке қосылмақ ойы барын жеткізді.

Ауылдың ендігі қарбаласы ертең жорыққа аттанатын жігіттердің қамы болды. Мал сойылып, ата-балалар аруақтарына бағыштап құран оқылды. Әйелдер жағы жолдарына азық-түлік даярлап, қоржындарын қамдауда. Кейбіреулер ат-әбзелдерді дайындай бастады, біреулер қару-жарақ сайлап жатты. Түннің бір уағына дейін ұста Мәуленнің көрігінің гүрілі, төске соққан балғаның дауысы естіліп жатты.

Ертеңіне таң бозара бәрі дайын болды. Бастарына орамалдарын шарт түйіп, қару-жарақтарын асынған жас, қайратты жігіттер қоржын-торсықтар артылған аттарын жетектеп, ауыл ортасындағы бидің сегіз қанат боз киіз үйінің алдындағы алаңға жиналды. Көздері жыпылықтап, әлі ұйқысы ашыла қоймаған балалар жаулықтарының ұшымен әлсін-әлсін көздерін сүртіп тұрған шешелерінің етектеріне оралып тұр. Бірен-саран әйелдер сыңсып дауыс шығара бастап еді, еркектердің алара қарап, жекіргендерінен сап тыйыла қойды. Көп ұзамай-ақ сарбаздар тізерлеп отыра қалып, қолдарын жайып Байболат бидің ақ батасын алды. Тағы да бір аттарының айыл-тартпасын байқап алып, жігіттер атқа қонып оңтүстікті бетке ала желе-жортып жүріп кетті.

Ауыл азаматтарының жорыққа аттанып кеткелі де, міне, жылға жуық уақыт өтіпті. Байболат бидің ауылында бәлендей өзгеріс бола қойған жоқ. Күнде дерлік төбе басында жиналатын ақсақалдардың

көздері ағаш қылышпен, талды ат қылып мініп, жоңғарлармен «шайқасып» жүрген ойын балаларында болғанымен, ойлары жорықта жүрген ұлдарында еді. Кимешекті аналар, шолпы таққан бойжеткендер кейде қолдарымен көздерін көлегейлей жол жаққа қарайлап, ұрланып көз жастарын сығып алады.

Көктем келіп жеткенде Байтабынның келіншегі Қаншайым аман-есен босанып, шекесі торсықтай ұл тапты. Ат ұстар немерелі болған Мөңкенің қуанышында шек жоқ. Ат шаптырып той жасамаса да, бүкіл ауыл бір мәре-сәре болып қалды. Сәбидің атын Мәулен нағашысы батыр атасына тартсын деп Жәнібек қойды.

Күзге салым ауылға шайқастарда аман қалып, бірақ алған жарақаттан майып болып қалған бірен-саран жігіттер келе бастады. Олар өздерімен бірге соғыста жігіттердің қандай ерлікпен шайқасқандарын, сонымен бірге шәйт болғандар жайлы жаманат хабарды да ала келді. Мөңкенің көңілін көтерген бір жәй, ұлы Байтабын шайқастарда Шақшақ Жәнібектің әскері сапында Наймантай ұлы Байғозы батырмен бірге талай ерлік көрсетіп жүр екен. Қабанбай батыр бастаған қалың қол Бұланты өзенінің жағасында болған шайқаста алғаш рет жоңғарларға елеулі тойтарыс беріпті.

Содан бері өткен бес-алты жылдың ішінде қазақтың қасиетті даласын қаптаған қалмақтан тазартамыз деп қанша боздақ өмірлерін қиды, қан суша ақты... Қалың қазақ ақтабан болып шұбырды, елім-ай деп еңіреді... Қанша ауыл ұлдарын жоқтап дауыс қылды, ақындардың жыр-дастандарына, аңыз-әңгімелерге қанша батырдың ерлігі арқау болды... Халқы сүйіп, мадақтап, хандары мен батыр-сұлтандарының есімдерін, ерліктерін есте сақтап, осы күнге дейін аманат етіп жеткізді.

Жоңғар басқыншыларынан жерімізді азат етуде ең үлкен жеңіс, ұлы бетбұрыс болған Балқаш көлінің жанындағы Аңырақай шайқасы. Үш жүздің жасақтарын шеберлікпен үйлестірген бас қолбасшы Әбілқайыр хан болды. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан, Орта жүздің қолын Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Кіші жүзді Тама Есет батыр, Шекті Тайлақ батырлар басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Шайқасқа болашақ қолбасшы Шапырашты Наурызбай да қатысқан. Осы шайқаста жоңғардың ноянымен жан алысып, жан беріскен жекпе-жекте біздің кейіпкеріміз Байтабын жан тапсырып еді.

Атасының әңгімесін ұйып тыңдап жатқан кішкентай Жәнібектің көз алдына басында дулыға, үстіне торкөз сауыт киген ат үстінде отырған мұртты батырдың кескіні келді. Өскенде мен де сендей батыр боламын деп, кішкене саусақтарымен нағашы атасы соғып берген кездікті қатты қысып-қысып қойды.

Марат ТҰРЛЫҒҰЛ.
Қостанай қаласы.

• ТҮЙТКІЛ

Ажалына кім кінәлі?

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Үстіміздегі жылдың 15 қаңтары күні Қостанай ауданының Садчиков елді мекенінде төмендегідей қайғылы жағдай болыпты. Сол күні жергілікті амбулаторияға аудан орталығынан стоматолог мамандар келген ғой. 67 жастағы ауыл тұрғыны Анатолий Лысенко таңертең жұбайы Надежда Петровна-ның тісін емдету үшін көлікке отырып, дәрігерлік пунктке жүреді. Ауыл ішінде оларды жол-патрульдік полицияның машинасы тоқтатады. Көлік тізгінінде отырған Анатолий Лысенкоға «сіз тротуармен жүріп барасыз, айыппұл жазамын» дейді. Бірақ А.Лысенко «мұнда ешқандай тыйым салынған белгі жоқ, бұл тротуар емес және осы жолмен көлік жүре береді» деп жауап берген екен.

Дегенмен әлгі полиция қызметкері мен Лысенко арасында шамамен 15-20 минуттай келіспеушілік туындап, ақыры тәртіп сақшысы жүргізушіні ескерту айтумен шектеліп, қоя береді.

– Жолдасым полиция қызметкерімен салғыласып отырғанда, өзін жайсыз сезініп, жүрек соғысы нашарлап кетті. Түсі бұзылып, ауырғанын сездім. Полиция жібергеннен кейін әрмен қарай дәрігерлік пунктке бара жатқанбыз. Амбулаторияға шамамен 100 метр қалып, ауыл мектебінің алдына жақындағанда, көлік қозғалысы жылдамдай түсті. Мен Анатолийге қарасам, ешқандай тіршілік белгісі білінбейді. Дәл жүрегі тоқтап, көлік рулінде отырып жан тапсырады деп ойлаған жоқпын. Алдымызда сабақтан тараған балалар өтіп барады екен, дереу рульді жолдың шетіндегі омбы қарға қарай бұрып барып тоқтадық, – дейді жүргізушінің қасында отырған жұбайы Надежда Петровна.

Марқұмның жұбайы өздерін тоқтатқан полиция инспекторының аты-жөнін, ол жүрген көліктің номерін де жаттап қалмаған екен. Ол патрульдік көлікте екінші полиция инспекторының отырғанын айтады. Және тәртіп сақшыларының ешқандай негізсіз тоқтатып, егде адамның дегбірін алып, мазасын кетіргеніне қапалы.

Аталған мәселе жөнінде тексеру жүргізіп, қаңтардың 15 күні Садчиков ауылында Анатолий Лысенконы тоқтатқан жол-патрульдік полиция экипажының аты-жөнін, олардың елді мекенге баруға рұқсатының болғаны-болмағанын анықтап беруін сұрап, облыстық ІІД бастығы Тілеген Мәткеновке сауалхат жолдаған едік.



Артынша облыстық жергілікті полиция қызметі бастығы Н.Ысмағұловтың атынан жауап та келді. Онда 15 қаңтар күні «Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу шарасын өткізу барысында Қостанай аудандық ІІБ ЖПҚ қызметкерлері А.Лысенко басқарған Р 659 SCM мемлекеттік номерлі «Мазда» көлігін тоқтатқанын келтіріпті.

«Азамат А.Лысенкоға әкімшілік хаттама жасалынбаған. Дәрігерлік куәландырудың қорытындысына сәйкес өлім созылмалы өкпе жетіспеушілігінен туындады. А.М.Лысенко өлім фактісі

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ
ЖЕРГІЛІКІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
ІІБ ЖПҚ бастығы
Шығмыс № 1-16/10-20/17-6-57
НЕГІЗГІ КӨЛІМ
ҚОСЫМША

«Қазақстан - Заман» газетінің
Қостанай облысындағы
меншікті тілшісі
Қ.Қиысханға

Сіздің сұранысыңызға Қостанай облысы ІІД Жергілікті полиция қызметінің басшылығы тексеріс жүргізгенін хабарлаймыз.
15 қаңтарда «Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасын өткізген кезінде Қостанай АІБ ЖПҚ қызметкерлері аз. А.М.Лысенко басқарған м/н Р659SCM Мазда а/к тоқтатты.
Жол қозғалысын қалағаларында Қостанай облысы Ішкі істер органы жол-патрульдік полиция қызметкерлері көлік құралдарын тоқтату негіздері көрсетілген «Қазақстан Республикасының жол қозғалысы туралы Заңының» 52 бап талаптарын қатаң ұстанады. Аталған баптың 4 тармағында жедел-алдын алу іс-шараларын өткізген кезде жүргізушілердің құжаттарын тексерілетіні көрсетілген.
Азамат А.Лысенкоға әкімшілік хаттама жасалынбаған. Дәрігерлік куәландырудың қорытындысына сәйкес өлім созылмалы өкпе жетіспеушілігінен туындады.
А.М.Лысенко өлім фактісі бойынша материал Қостанай АІБ өндірісінде. Алынған жауаппен келіспеген жағдайда белгіленген заңды тәртіп бойынша оны шағымдауға Сіздің құқыңыз бар.

Ескерту: Жүргізуші тілше сәйкес «Қазақстан Республикасының «Жол және жолдың тұрғындардың жүргізушілерін қарастыру тәртібі туралы» Заңының 10 бабының негізінде, хат мемлекеттік тілде жасалынады.

ІІД ЖПҚ бастығы
полиция полковнигі

Н.Исмағұлов

бойынша материал Қостанай АІБ өндірісінде» делінген жауап хатта.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

• АМАНКЕЛДІ АЙШЫҚТАРЫ

Қоғамдық кеңес құрылды

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Аудандық мәслихаттың жақында өткен сессиясында аудандық қоғамдық кеңес құрамы анықталып, ашық дауыс арқылы 15 үміткер кеңес құрамына өтті. Бұл кеңес өткен жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының негізінде құрылды. Оның мақсаты – жергілікті атқарушы органдардың жұмысын жетілдіру әрі халық пен билік арасын жақындата түсу.

Сессияда қоғамдық кеңес мүшелері мен төрағасы сайланды. Сол сияқты, бюджет және әлеуметтік салалар бойынша комиссиялар құрамы бекітілді.

Еңбек ардагерімен
болған кездесу

Батыр атындағы ауданда өзінің адал еңбегімен ел құрметіне бөленген майталмандар аз емес. Солардың бірі – Еңбек Қызыл Ту орденінің екі мәрте иегері Балға Нұрғожин ақсақал. 15 жасынан қой баққан ол бүгінде аудан орталығы Аманкелді селосында тұрады. Балға ақсақалдың еңбектегі жетістіктері туралы кезінде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болған, көрнекті журналист Ұзақ Бағаев тамаша очерк жазған еді. Кейін ол туралы Қазақстанның және Торғай, Қостанай облыстарының журналистері де қалам тербеген-ді.

Таяуда Ә.Боранбаев атындағы орта мектепте Балға ақсақалмен кездесу өтті. Онда Балға Нұрғожаұлы өзінің өмір жолы туралы кеңінен айта келіп, жас ұрпақты адал еңбек етуге шақырды. Қарапайым шопан немесе жұмысшы болып-ақ ел мақтанышына айналуға толық негіз бар екенін нақты мысалдармен айтты.

– Елімізге тек қана мұғалімдер мен инженерлер немесе завод, фабрика жұмысшылары ғана емес, төрт түлік мал өсіретін шопандар, механизаторлар мен малшылар да керек. Мұнсыз болмайды. Қазақ атамыз «Бәрің бірдей тойшы болсаң, кім қойшы болады» деген ғой. Одан жаман болмайсыңдар. Алда мемлекетіміз еңбек адамдарын ерекше құрметтейтін болады. Сондықтан балалар, сендер мектеп бітірген соң бәрің бірдей мұғалім немесе инженер болуға тырыспандар. Біразың туған ауданымызда қалып, мал шаруашылығымен айналысыңдар! – деді еңбек ардагері Балға Нұрғожаұлы.

Оның бұл аталы сөзін кездесуге қатысқан тыл және еңбек ардагерлері бірауыздан қолдады. Әрине, Балға Нұрғожаұлының сөзінің астарында үлкен мағына жатыр.

Ғылыми жоба
жеңімпаздары

Әрбір шәкірттің ойлау, сөйлеу және белгілі бір нәрсені зерттеу мен шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту – мектептегі оқушылар ғылыми қоғамының жұмысына да байланысты. Аманкелді орта мектебінде оқушылардың ғылыми қоғамы көп жылдардан бері жақсы жұмыс жасап келеді. Онда тәрбиеленген оқушылар облыстық, республикалық ғылыми жобалар байқаулары мен конкурстарына үнемі қатысып отырады.

Жуырда республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы оқушылар арасында зерттеу жұмыстарының және шығармашылық жобаларының «Зерде» атты конкурсын өткізді. Осы конкурсқа Аманкелді орта мектебінің оқушылары Марат Жансұлтанның «Ыбырай Алтынсарин мен ақын Хамитбек Мұсабаев шығармаларының үндестігі» және Аман Төкеновтың «Адам ағзасындағы физикалық құбылыстар» тақырыптарындағы ғылыми зерттеу жұмыстары қазақ тілі мен әдебиеті, физика секциялары бойынша жүлделі 2-ші орынды иеленді.

Жеңімпаз оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызықтырып, олардың шығармашылық қабілеттері мен ізденістерін арттыруға жетекшілік еткен пән мұғалімдері Бақыткүл Уатқанова мен Зураш Сүлейменованың еңбектері елеулі.

Оқушылардың бұл жетістігі – білім, ғылым биігінде алар орындары өзгелерден төмен емес екендігін көрсетеді. Жеңімпаздар алдағы уақытта да ғылыми ізденістерін кәсіби деңгейде жалғастыра бермек.

Кәсіпкерлер демеушілік
жасады

Ауданның шығысында, шалғайда орналасқан Қарынсалды ауылдық округінің диқан кәсіпкерлері – «Құрмет» орденінің иегері Бақытжан Тілеубаев пен Бауыржан Жаңбыршин осындағы Қарынсалды негізгі мектебіне демеушілік жасады. Бақытжан Нәменұлы 200 000 теңге берді. Оған мектеп ұжымы оқу орнына музыкалық орталық пен керекті жиһаздар алды. Ал, Бауыржан Мұхтарұлы болса, 50 000 теңге берген еді. Оның қаржысына оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ берілуде.

РФ азаматы елден шығарылды

Облыстық соттың баспасөз қызметі мәлімдегеніндей, Қостанай облысының Арқалық қалалық соты Ресей Федерациясының азаматы М.Сагитдиновты елден шығару туралы шешім шығарды.

Жамбыл облысының Шу аудандық сотының үкімімен М.Сагитдинов 2012 жылы ҚР ҚК-нің 259 бабы 1-1 бөлігі бойынша (есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатымен өте ірі мөлшерде

заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау) 4 жылға бас бостандығынан айырылған. Жазасын өтеп шыққаннан кейін М.Сагитдиновты Қазақстан Республикасы аумағынан шығару туралы шағыммен Арқалық қалалық ішкі істер басқармасы сотқа жүгінген. Ол Ресейдің Уфа қаласында тұрады, ал Қазақстанда қоныстануға арналған ықтияр хатты ресімдемеген. Мұны сотталушы Қазақстанға келгеннен кейін үшінші күні өте ірі көлем-

де есірткі затын сақтағаны үшін ұсталғанымен түсіндірді. Сот отырысы барысында ол қалалық ішкі істер басқармасының өтінішімен келіспейтіндігін, себебі Қазақстанда біраз болуды жоспарлағанын айтты.

Сот қалалық ішкі істер департаментінің шағымын қанағаттандырды. Бүгінде М.Сагитдинов Қазақстаннан шығарылған.

Сот шешімі заңды күшіне енді.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 7 қаулысы және Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 472 шешімі

Облыс әкімінің және облыстық мәслихаттың 1999 жылғы 2 шілдедегі "Қостанай қаласының шегін өзгерту жайында" бірлескен шешіміне өзгеріс енгізу туралы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы әкімінің және Қостанай облыстық мәслихатының 1999 жылғы 2 шілдедегі "Қостанай қаласының шегін өзгерту жайында" бірлескен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №110 тіркелген, 1999 жылғы 8 қыркүйекте "Қостанай таңы" газетінде және 1999 жылғы 30 қыркүйекте "Костанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімі және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі
_____ **А. Мұхамбетов.**

Сессия төрайымы
_____ **Г. Ахметова.**

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы _____ **С. Ещанов.**

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 6183 болып тіркелген.

Постановление акимата Костанайской области от 11 декабря 2015 года № 7 и решение Костанайского областного маслихата от 11 декабря 2015 года № 472

О внесении изменения в совместное решение акима области и областного маслихата от 2 июля 1999 года "Об изменениях черты города Костаная"

В соответствии со статьей 43-1 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Костанайский областной маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в совместное решение акима Костанайской области и Костанайского областного маслихата от 2 июля 1999 года "Об изменениях черты города Костаная" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 110, опубликовано 8 сентября 1999 года в газете "Қостанай таңы" и 30 сентября 1999 года в газете "Костанайские новости") следующее изменение: преамбулу изложить в следующей редакции:

"В соответствии со статьей 11 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года "Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан" аким Костанайской области и Костанайский областной маслихат **РЕШИЛИ:**"

2. Настоящее постановление и решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области
_____ **А. Мухамбетов.**

Председатель сессии
_____ **Г. Ахметова.**

Секретарь Костанайского областного маслихата _____ **С. Ещанов.**

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 22 января 2016 года под № 6183.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 қаулысы және Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 471 шешімі

Қостанай облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабы 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қарашадағы № 9 бр және Қостанай облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 235 "Шаруа немесе фермерлік қожалығын, немесе тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз көлемдері туралы" қаулысы мен шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3701 тіркелген, 2010 жылғы 12 қаңтарда "Қостанайские новости" және "Қостанай таңы" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі
_____ **А. Мұхамбетов.**

Сессия төрайымы
_____ **Г. Ахметова.**

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы _____ **С. Ещанов.**

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 6158 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 қаулысына және мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 471 шешіміне қосымша

Қостанай облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

№	Ауданның (қаланың) атауы	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері (гектармен)				Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері (гектармен)			
		Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға шаруа немесе фермерлік қожалығын жүргізу үшін		мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және оған аффилиирленген тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Алтынсарин	34	1	60	1	34	1	60	1
2	Амангелді	230	1	1200	1	230	1	1200	1
3	Әулиекөл	47	1	790	1	47	1	790	1
4	Денисов	42	1	380	1	42	1	380	1
5	Жангелдин	340	1	4000	1	340	1	4000	1
6	Жітіқара	50	1	330	1	50	1	330	1
7	Қамысты	80	1	730	1	80	1	730	1
8	Қарабалық	30	1	240	1	30	1	240	1
9	Қарасу	43	1	400	1	43	1	400	1
10	Қостанай	34	1	50	1	34	1	50	1
11	Мендіқара	22	1	110	1	22	1	110	1
12	Науырзым	100	1	610	1	100	1	610	1
13	Сарыкөл	31	1	270	1	31	1	270	1
14	Таранов	40	1	50	1	40	1	50	1
15	Ұзынкөл	55	1	80	1	55	1	80	1
16	Федоров	28	1	320	1	28	1	320	1
17	Қостанай қаласы	28	1	40	1	28	1	40	1
18	Арқалық қаласы	120	1	140	1	120	1	140	1

Постановление акимата Костанайской области от 11 декабря 2015 года № 6
и решение Костанайского областного маслихата от 11 декабря 2015 года № 471

Об установлении минимальных размеров земельных участков сельскохозяйственного назначения в зависимости от местных условий и особенностей использования указанных земель, предоставляемых в собственность или землепользование в Костанайской области

В соответствии с пунктом 5 статьи 50 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, подпунктом 13) пункта 1 статьи 6 и подпунктом 8) пункта 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" и пунктом 2 статьи 40 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Костанайский областной маслихат **РЕШИЛ**:

1. Установить минимальные размеры

земельных участков сельскохозяйственного назначения в зависимости от местных условий и особенностей использования указанных земель, предоставляемых в собственность или землепользование в Костанайской области, согласно приложению к настоящему решению.

2. Постановление акимата Костанайской области от 20 ноября 2009 года №9 св и решение маслихата Костанайской области от 20 ноября 2009 года № 235 "Об установлении минимальных размеров земельных участков сельскохозяйственного назначения, предоставляемых в соб-

ственность или землепользование гражданам, негосударственным юридическим лицам, иностранным гражданам, лицам без гражданства и иностранным юридическим лицам для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, или товарного сельскохозяйственного производства" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3701, опубликовано 12 января 2010 года в газетах "Костанайские новости" и "Костанай таңы") признать утратившим силу.

3. Настоящее постановление и реше-

ние вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области
А. Мухамбетов.

Председатель сессии
Г. Ахметова.

Секретарь Костанайского областного маслихата
С. Ещанов.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 21 января 2016 года под № 6158.

Приложение к постановлению акимата от 11 декабря 2015 года № 6
и решению маслихата от 11 декабря 2015 года № 471

Минимальные размеры земельных участков сельскохозяйственного назначения в зависимости от местных условий и особенностей использования указанных земель, предоставляемых в собственность или землепользование в Костанайской области

№	Наименование района (города)	Минимальные размеры земельных участков сельскохозяйственного назначения, предоставляемые на праве частной собственности или на праве временного возмездного землепользования (аренды) (в гектарах)				Минимальные размеры земельных участков сельскохозяйственного назначения, предоставляемые на праве временного возмездного землепользования (аренды) (в гектарах)			
		гражданам Республики Казахстан, оралманам для ведения крестьянского или фермерского хозяйства		негосударственным юридическим лицам и их аффилированным лицам для ведения товарного сельскохозяйственного производства		иностранцам, лицам без гражданства для ведения товарного сельскохозяйственного производства		и иностранным юридическим лицам, а также юридическим лицам, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов для ведения товарного сельскохозяйственного производства	
		Всего	В том числе орошаемые	Всего	В том числе орошаемые	Всего	В том числе орошаемые	Всего	В том числе орошаемые
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Алтынсаринский	34	1	60	1	34	1	60	1
2	Амангельдинский	230	1	1200	1	230	1	1200	1
3	Аулиекольский	47	1	790	1	47	1	790	1
4	Денисовский	42	1	380	1	42	1	380	1
5	Джангельдинский	340	1	4000	1	340	1	4000	1
6	Житикаринский	50	1	330	1	50	1	330	1
7	Камыстинский	80	1	730	1	80	1	730	1
8	Карабалыкский	30	1	240	1	30	1	240	1
9	Карасуский	43	1	400	1	43	1	400	1
10	Костанайский	34	1	50	1	34	1	50	1
11	Мендыкаринский	22	1	110	1	22	1	110	1
12	Наурызумский	100	1	610	1	100	1	610	1
13	Сарыкольский	31	1	270	1	31	1	270	1
14	Тарановский	40	1	50	1	40	1	50	1
15	Узункольский	55	1	80	1	55	1	80	1
16	Федоровский	28	1	320	1	28	1	320	1
17	город Костанай	28	1	40	1	28	1	40	1
18	город Аркалык	120	1	140	1	120	1	140	1

● "БҰРҚАСЫН-2016"
Шаңғышылар сап түзеді

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Сарыкөл ауданында
"Бұрқасын-2016" қысқы ойындар фестивалі шаңғы жарысымен басталды.

Ашылуында аудан әкімінің орынбасары Асқар Жақсыбаев сөз алып, қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

— Өңірде жыл сайын қысқы ойындар жалғасын табуда. Бүгінгі жарыс соның бір көрінісі. Болашақта араларыңыздан Александр Колядин секілді саңлақ спортшылар шығады деп сенемін. Ал, осы жарыста ең мықтыларын мәреге бірінші болып жетіндер, — деді ол өз сөзінде.

Содан кейін бас төреші Николай Степин жарыс ережесімен таныстырып, спортшыларға оны ойын барысында қатаң сақтауды ескертті.



Бұл додаға Барвин, Краснознамен, Сорочин, Соңалы ауылдарынан және аудан орталығындағы мектептің оқушылары мен колледж студенттері қатысты. Барлығы – 80 адам бақ сынады.

Нәтижесінде, нәзік жандар арасында әр салмақ бойынша Т.Баитиева (Крылов ОМ), И.Куз-

нецова мен Т.Павлютина (колледж), А.Палютина (№1 УОМ), А.Доненбаева (Н-УОМ) жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, ерлер бойынша Д.Первунецких (УОМ), Е.Елисеев пен Н.Руденко (колледж), В.Павличенко (Н-УОМ), А.Засухин (Сарыкөл к.) биіктен көрінді.

Сарыкөл ауданы.

Балық аулау сайысы

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Жетібай ауылында Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің дене тәрбиесі пән бірлестік жетекшісі Жандос Қабидолданың ұйымдастыруымен "Қыс мезгілінде балық аулау" сайысы болып өтті.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен сайыста ер мұғалімдерден құралған мектеп жастары толығымен қатысты. Салтанатты түрде ашылған сайыс еліміздің Әнұранымен басталды.

Қыс мезгілінде балық аулаудан сайысшылар "Ақ балық", "Алтын балық", "Қармақ" топтары болып, үш топқа бөлінді. Әр топ мүшелерінде бір түсті киім және 1 мұзтескіш, 5 жұтпа, 1 қармақтан болды. Қазылар алқасы сайысқа қатысушылардың жеңісін аулаған балықтарының салмағын өлшеу арқылы анықтады. Сонымен, сайыс нәтижесі бойынша бірінші орынды 4,7 келі балық аулаған "Ақ балық" тобы, екінші орынды "Алтын балық" (3,5 келі балық), ал үшінші орынды "Қармақ" тобы (2,9 келі) иеленді. Сонымен қатар "Қармақ" тобындағы Ернұр Болатұлы салмағы 1,7 келі болатын балық ұстап, "Үздік балықшы" атағына ие болды.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен, кубокпен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Бұған аудандық білім беру бөлімі, мектеп директоры мен білім ошағындағы кәсіподақ ұйымының мүшелері демеушілік жасады.

Әнет ЖҰМАБЕК.

Аманкелді ауданы.

**22 ақпан,
дүйсенбі****ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан. 10.00 Алпа kz. 11.05 Дара жол. 12.30 Ақсауыт. 13.00 Бірге тандаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Менің Қазақстаным. 17.30 Жаңалықтар. 18.00 Өзгерген өңір. 18.20 М.ф. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Серпіліс. 21.05 Т.х. "Шырғалаң". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 "Үй болу қиын..." 0.00 Жаңалықтар. 0.45 Спорт.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн. 11.10 Магия кұхни. 11.40 М.ф. 12.25 "Сотқа жеткізбей". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейіне мелодрамы". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.15 Бармысың, бауырым? 16.00 Жаңалықтар. 16.15 "Өмір сабақтары". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Т.х. "След". 17.55 Орталық Хабар. 19.00 ТВ Бинго. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арнайы Хабар.

**23 ақпан,
сейсенбі****ҚАЗАҚСТАН**

